 Әне тұр тарақ.

45

№ 7

Әңгімелесіңіз.



Таңертенгі сағат тура жеті. Еркебай жатыр. Апасы:

- Еркебай, тұр.
- Апа, мен жаттықпаймын, беті-қолымды жумаймын.
- Жаттығасын, беті-қолынды да жуасың.

Еркебай таңертенгі жаттығуын жасап, апасынан сұрайды:


- Апа, сабын қайда?
- Міне сабын.
- Тіс пастасы қайда?
- Әне.
- Тарақ жоқ.
- Тарақ әне жатыр.
- Е-е-е, Еркебай, қандай жігіт боласың?

Еркебай үялып қалды¹.

¹ Үялып қалды — стало стыдно.

3**НӘТИЖЕ****№ 1**

Еске түсіріңіз.

**№ 2**

Жазыңыз.



[мен бетіғолұмды жүуамын]

[олөзүйанады]

[садаңгейін шашымды тараймын]

№ 3

Табыңыз.

46

әдетте

тура

ұқыптысындар

таңтертең

шашымды

өзім

шашыңды

садан кейін

Фалия сағат *тура* сегізде беті-қолын жуды. Олар ... сағат жеті жарымда оянады. ... сен не істейсің? Мен үлкенмін, ... киінемін. Балам, ... тара. Мен ... тарадым, бетімді жудым. Сендер ... ма? Сенің сабактарың ... бе?

№ 4

а) Біріншіден, өткен шақтағы етістіктерді атаңыз, екіншіден, ауыспалы келер шақтағы, содан кейін Нәк осы шақтағы етістіктерді атаңыз.

Міндік, жуамын, тепті, тебеді, отыр, үйренеміз, жаттықтым, тұрсыз, оянды, оянады, жатыр, тараймын, тарадым, шомылған жок, жүрсің.

ә) Енді дәптерге кесте сзыныңыз, көшіріңіз.

Өткен шақ

Ауыспалы келер шақ

Нәк осы шақ

Mіндік

№ 5

Өзінізді тексеріңіз.

Сынақ

1. Шашымды
 - а) оянамын.
 - ә) жуынамын.
 - б) тараймын.

2. Тісінді өзің
 - а) тазалайсың.
 - ә) тазалады.
 - б) тазаламаймын.

3. Ол сағат
 - сегізде оянды.
 - а) ертең.
 - ә) тұра.
 - б) жарым.

4. Дәурен қазір кереуетте
 - а) ойнайды.
 - ә) жатыр.
 - б) шомылды.

5. Өзім ..., көзім тойған жок.
 - а) сыйладым.
 - ә) тарадым.
 - б) тойдым.

6. Жоқ, сен қолыңды сабынмен ... жоқсың.
 - а) жуған.
 - ә) туған.
 - б) барған.


7. Сен қайда ... ?
 - а) жүрсің.
 - ә) жүрсіз.
 - б) жүрсіндер.

8. Өзі де – өзі, көзі де –
 - а) көлі.
 - ә) өзені.
 - б) өзі.



№ 6

Ойнайық!



№ 1

Аударыңыз, тіркестерін табыңыз.

басқа планетадан келген, ғарыш, ғарыш кемесі, ұшып кету, екен

№ 2

Оқыңыз.

Басқа планетадан келген қонақ

- 1 -

Бантүржаяаа планетасында



Бұл — Татануриб. Ол Бантүржаяаа планетасында тұрады. Бантүржаяаа қазақшаға «Денсаулық — зор байлық» деп аударылады.



Бантүржаяаа адамдары тазалықты ұнатады. Онда салақ адамдар өмір сүрмейді

екен. Балалар да, ата-аналары да, ата-әжелері де — ұқыпты адамдар. Әдетте, Татануриб пен достары таңертен қістерін тазалайды, беті-қолдарын жуады, шаштарын тарайды. Содан кейін олар үлкен аулада таңертенгі жаттығу жасайды. Сондықтан олардың денсаулықтары өте жақсы.

48

Татанурибтің туған күніне көкесі қызықты сыйлық сыйлады. Ол — ғарыш кемесі. Бантүржаяаада әдетте баланың туған күніне ғарыш кемесін өлде ғарыш машинасын сыйлайды екен. Татануриб сыйлыққа қуанды¹. Ата-анаы былай деді:

— Сен ұқыптысың, тісінді тазалайсың, беті-қолыңды жуасың, шашыңды тарайсың, спортты жақсы көресің, сондықтан саған көкен жақсы сыйлық әперді.



— Рақмет, көке! Сіз маған ең жақсы сыйлық сыйладыңыз. Мен өзім ғарышкер болғым келіп жүр² еді.

— Бақытты бол, Татануриб!

— Айтқаныңыз келсін!

Татануриб кемеге отырды, бір кнопкани басып қалғанда³, кеме аспанға ұшып кетті.

— Татануриб, қайт⁴, сен ғарышқа ұшып кетесің ғой!

Татануриб қандай кнопкани басу керек екенін⁵ білген жоқ та, ғарышқа ұшып кетті. Ол төрт жұз сағат ғарышта ұшты. Ғарыш сондай тамаша! Жұлдыздар әп-әдемі, үп-үлкен, планеталар мен кометалар қызыл, сары, жасыл. Татанурибке ғарыш өте ұнады.

¹ Қуану — обрадоваться.

² Болғым келіп жүр — хочу быть.

³ Басып қалғанда — когда нажал.

⁴ Қайту — вернуться.

⁵ Басу керек екенін — нужно нажать.

Сұрақтар:

1. Татанурибтің жанұясы туралы не білдініз?
2. Оның қандай мерекесі болды?
3. Татануриб ұқыпты бала ма әлде салак па? Қалай білдініз?
4. Татануриб ғарыш туралы не айтты?

- 2 -

Жер¹ планетасында танысу²



Бір күні Татануриб кемеден бір әдемі көкпеңбек планетаны көрді. Ол – біздің Жер планетамызы.

— Мен осы планетаны көргім келеді, жануарлар мен өсімдіктерін көргім келеді. Мұнда адамдар өмір сүре ме? — деп ойланды ғарышкер бала.

Татануриб Жерге тұсті³. Ол дәл⁴ Омаровтардың ауласына тұсті. Аулада Бексұлтан, Айсұлтан мен Жансұлтан ойнап жүр екен.

- Мәссаған, мынау не? — деді Айсұлтан.
- Білмеймін, — деп жауап берді Жансұлтан.
- Қазір білеміз, — деп үн қосты⁵ ең үлкені Бексұлтан.

Ол кемені қолымен ұрды.



- Бұл ғарыш кемесі ғой. Анда кім бар? — деді Бексұлтан.

- Мен, Татануриб.
- Кім, кім?
- Мен, Татануриб.

Басқа планетадан келген бала кемеден шықты.

- Сәлеметсіңдер ме, достарым? — деді ол.
- Сәлемет бол! — деп жауап берді балалар.
- Мен Бантұржаяа планетасынан келдім. Менің атым — Татануриб. Сендердің аттарың кім болады?

- Мен Бексұлтанмын, бұлар — Айсұлтан мен Жансұлтан.
- Дос болайық! — деді Татануриб.
- Жарайды, дос болайық. Сенің планетаң қайда орналасқан⁶? — деп сұрады Айсұлтан.
- О-о, менің планетамың алыстығы⁷ бес жүз миллиард километр.
- Олар үйге кірді. Татануриб балалардың бөлмесін көрді.
- Мынау кереует менікі, мынау Бексұлтан мен Айсұлтандікі, — деді Жансұлтан.
- Қазір саған кереует қоямыз, — деді Айсұлтан.
- Рақмет, достар, сендер сондай жақсы баласыңдар!
- Татануриб, жүр, алма, алмұрт, апельсин жейміз, — деді Бексұлтан.



49

¹ Жер — Земля.

² Танысу — знакомство, знакомиться.

³ Тұсті — спустился.

⁴ Дәл — точно.

⁵ Қосу — добавить.

⁶ Орналасқан — расположена.

⁷ Алыстық — удаленность.



— Алма мен алмұрт тәтті, — деді Татануриб, — апельсин қышқылдау екен, бірақ маған ұнайды.

— Ас дәмді болсын! — деді балалар.

Сол күні Татануриб балалармен танысты, олардың ата-аналарымен де танысты.

Сұрақтар:

1. Татануриб Жер планетасын қалай мақтады¹?
2. Бексұлтанның аты-жөні кім? Оның отбасы туралы не білдіңіз?
3. Ұлдар басқа планетадан келген баламен қалай танысты?
4. Татануриб не жеді? Оған Жер тамағы² ұнады ма?
5. Бантұржауаа планетасында адамдар не жейді деп ойлайсыз?

Қоштасу³

Келесі күні Татануриб пен балалар сағат тұра бесте ояңды. Бексұлтан досымен бірге беті-қолын жуды, бірақ Татануриб тісін өзі тазаламайды екен, беті-қолын өзі жумайды екен, шашын өзі тарамайды екен. Оның орнына⁴ кішкентай автомат істейді екен.

— Қандай ғажап⁵! — деп таңғалды⁶ Бексұлтан.

Автоматты Бексұлтанның інілері де, ата-анасы да көрді.


— Менен сендерге естелік⁷ — осы автомат, — деді Татануриб үлдарға. — Қош болындар!

— Жолың болсын!

Татануриб ғарышқа ұшып кетті. Сонда кішкентай

Жансұлтан былай дейді:

- Әрине, бұл автомат қызық, бірақ та тісімізді өзіміз жуамыз.
- Айналайындарым, жарайсындар! Бұл автомат Татанурибтен естелік қой, мұнда тұрсын, — деді балалардың ата-аналары.



¹ Мақтау — хвалить.

² Тамақ — пища.

³ Қоштасу — прощание, прощаться.

⁴ Оның орнына — вместо него.

⁵ Ғажап — чудесный.

⁶ Таңғалу — удивиться.


⁷ Естелік — на память.

⁸ Қолдану — использовать.


⁹ Ойластыру — придумать.

Берік болсын босағаң!

Қандай сөздермен танысадыз?



Не туралы сейлейсіз?



51

Қандай ережелермен танысадыз?

1000 2000 3000 4000 5000 6000 7000 8000 9000

тұр
отыр

жүр
жатыр


Мен оқып тұр **мын**
Сен оқып тұр **сың**
Сіз оқып тұр **сыз**
Ол оқып тұр **□**

Біз оқып тұр **мыз**
Сендер оқып тұр **сыңдар**
Сіздер оқып тұр **сыздар**
Олар оқып тұр **□**

№ 1

Тыңдаңыз, қайталаңыз.

туған күн,
құттықтау, тілеу,
денсаулық,
бақыт, сыйлау,
кітап, гүл



№ 2

Оқыңыз.

- **әр**: әр адам; әр сағат; әр саябак; әр сабакта. Әр адамның аты болады. Мен әр балаға көмпіт бердім. Әр мұғалімге гүл сыйладым.
- **әр жер¹**: әр жерде жатыр; әр жерден алды; әр жерге барды. Әр жерде демалдық. Сен әр жерге барма.
- **әркім** [әргім]: әркім оқиды; әркіммен бірге; әркімнің дәптері. Әрине, әркімнің бояулары бар. Әркімнен асық алдым. Әркімнің бояулары бар ма?
- **әрбір**: әрбір кітап; әрбір бала. Әрбір үйге барма. Әрбір бала сурет салады. Әрбір адамның өз Отаны болады.
- **әр нәрсе**: әр нәрседен жасадық; әр нәрсе әперме. Сен оған дүкеннен әр нәрсе алма. Бөлменде әр нәрсе жатыр.
- **әрқайсысы** [әргайссы]: әрқайсысын салдым; әрқайсысының аты-жөні. Әрқайсысында кітап бар. Әрқайсысының атын сұра.
- **әрқашан** [әргашан] = **әрдайым**: әрқашан отырғызады; әрдайым болады. Әрқашанда қазақ тілін ұнатамын. Ауылда әрдайым жаңбыр жауады.
- **әрқайда** [әргайда]: әрқайда жатыр; әрқайда бар. Сенің дәптерлерің әрқайда жатыр. Біздің баламыз әрқайда жүреді.
- **әрқалай** [әргалай]: әрқалай істеді; әрқалай жазды. Олар суреттерін әрқалай салды. Біз аққаланы әрқалай жасадық.

52

№ 3

Әнді аударыңыз, орындаңыз.



12–тапсырма.

Әрқашан күн сөнбесін!

Әрқашан күн сөнбесін,
Аспаннан бұлт тәнбесін.
Қасымда болсын мамам,
Болайын мен де аман!

(нотасы 111-бетте)



¹ Жер – земля; место.

№ 4

Қосыңыз.

бір — әрбір
кім — ...
не — ...
қашан — ..., ...

әр

қалай — ...
қайда — ...
қай — ...

№ 5

Қосыңыз немесе ауыстырыңыз.

Улгі: Кімнің қаламсауыты бар? (әркімнің) – Әркімнің қаламсауыты бар.

- а) Менің компьютерім бар. (әркімнің)
- ә) Сәрсенбі күні екі сурет сабағы болады. (әр)
- б) Көктемде мал төлдейді. (әрдайым)
- в) Менің Отаным – Қазақстан. (әрқайсымыздың)
- г) Олар асық ойнады. (әрқалай)
- ғ) Партада күнделік жатыр. (әрбір)
- д) Жазда олар жақсы демалды. (әр жерде)

№ 6

Әңгімелесіңіз.

Сыйлық

Бір тентек бала Жаңа жылда Аяз атамен кездесіпті¹.

— Балақай, мен қазір саған керекті зат² сыйлаймын. Ол әр балада болмайды. Сонда сен жуас, мейірімді боласың.
Ол қандай зат деп ойлайсың? – деді Аяз ата.

— Аяз ата, менің сағатым жоқ, сондықтан ол – сағат, –
деді бала.

— Айналайын, сағат әркімде бар, – деді Аяз ата.
— Жарайды. Менің қара қалпағым жоқ.
— Жоқ, дұрыс емес. Әр баланың қара, сары қалпағы бар ғой.
— Коньки ме?
— Әрдайым сырғанақта балалар коньки тебеді.
— Шаңғы ма?
— Әрбір оқушының шаңғысы бар, – деді Аяз ата.
— Ол не? Мен білмеймін, – деді бала.
— Міне, менің сыйлығым, – деп Аяз ата сыйлығын көрсетті³.
— Бұл жүрек⁴ қой!
— Иә, бұл – мейірімді жүрек, – деп Аяз ата сыйлығын берді де, өзі кетіп қалды⁵...



53



№ 7



13–тапсырмадағы сұрақтарға жауап беріңіз.

¹ Кездесу – встречаться.

² Керекті зат – нужная вещь.

³ Көрсету – показать.


⁴ Жүрек – сердце.

⁵ Кетіп қалу – уйти.

40 САБАҒЫ

№ 1

Сыныптастыңызben асық, тас ойнаңыз.



№ 2

Оқыңыз.

- *өш*: еш мектепте; еш алмады. Еш дүкенде кәмпит жоқ екен. Еш қалада жаман үйлер жоқ.
- *еш жер, ешқайда*: еш жерде жоқ; ешқайда отырған жоқ. Мен Мұратты еш жерден көрген жоқпын. Інім ешқайда жоқ.
- *ешкім*: ешкім мінген жоқ; ешкімнің әртіс болғысы келмеді. Өз жеті атасын ешкім білмей ме? Ешкімнің саяжайында алхоры өспейді екен.
- *ешбір, бір де бір* [бірдепір]: ешбір шырша; бір де бір сабын. Ол қазақша ешбір өлең білмейді. Ешбір оқушы үй тапсырмасын жазған жоқ. Маған бір де бір мультфильм ұнаған жоқ.
- *еш нәрсе*: еш нәрсе берме; еш нәрсеге тиме — Сен Әселдің үйінде еш нәрсеге тиме, — деді апам ініме. Үстелде еш нәрсе жоқ.
- *ештеңе, ештеме*: ештеңе сатып алған жоқ. Ештеме оқыған жоқсың. Олар күз туралы ештеңе білмей ме? Сен саяжайда ештеме істемедің бе?
- *ешқайсысы* [ешқайсы]: ешқайсысы айтқан жоқ; ешқайсысы сөйлеген жоқ. Сабакта ешқайсысың сөйлемендер. Ешқайсысынан асық алған жоқ.
- *ешқашан*: ешқашан қараған жоқ; ешқашанда ұнатпайсын. Африкада ешқашан қар жаумайды. Дүйсенбіде ешқашанда ана тілі болған жоқ.
- *ешқандай*: ешқандай сабак; ешқандай ойын. Сен ешқандай ән білмейсің бе?


№ 3

Аударыңыз. Көшіріңіз.



14-тапсырма.

Көшір




ИНАБАТТЫЛЫҚ

Ештеңе етпейді

№ 4

Санаңыз. Содан кейін 10 санын қосып қайталаңыз.




№ 5

Толтырыңыз.


әр, еш




Аулада ... бала ойнайды



Аулада




Үстелде ... зат жатқан жоқ.



Үстелде ... зат



Үйде ... адам отыр.



Үйде ... жоқ.

55

№ 6

Сұхбаттасыңыз.

Нияз: «Тетрис» ойыны сенікі ме? Берші, мен ойнайдын.

Кенес: Жоқ, мен ешкімге бермеймін.

Нияз: Онда мен сенімен ешқашанда дос болмаймын.


Кенес: Кешір мені, ойна.

Нияз: Ештеңе етпейді. Сен де мені кешір. Мә, менің ойыншығымды ал.

Кенес: Рақмет.

4Б**САБАҒЫ****№ 1**

Өзіңіз, достарыңыз қай көшелерде тұратындарыңызды айтып беріңіз.

**№ 2**

Оқыңыз.

- **пәтер**: әр пәтер; біздің пәтеріміз. Біздің пәтеріміз Абай көшесінде. Сенің пәтерің нешінші? Мен жиырмасыншы пәтерде тұрамын.
- **қабат, қабатты**: екінші қабатта; екі қабатты. Біздің пәтер төртінші қабатта. Біздің үй екі қабатты.
- **орналасу** [урналасу]: орналасқан; көшеде орналасқан. Сенің үйің қай көшеде орналасқан? Менің үйім Ғарышкерлер көшесінде орналасқан.
- **ықшамаудан**: «Самал» ықшамауданы; «Астана» ықшамауданында орналасқан. Әр ықшамауданда үйлер көп. Мен «Астана» ықшамауданында тұрамын. Кинотеатр қай ықшамауданда орналасқан?
- **атақты**: атақты ата; атақты мұғалім. Тоқтар Әубекіров — атақты ғарышкер. Бұл пәтерде атақты адамдар тұрады.
- **ақын**: атақты ақын; ақынның өлеңі. Сен қай ақынның өлеңін жатқа білесің? Абай Құнанбайұлы — атақты ақын. Мен Абай көшесінде тұрамын.
- **мың**: бір мың; екі мың; төрт мың бес; алты мың екі жүз. Абай бір мың сегіз жүз қырық бесінші жылы туған. Мың бесінші мектеп Жамбыл көшесінде орналасқан.

5Б**№ 3**

Аударыңыз. Көшіріңіз.



15-тапсырма.

ИНАБАТТЫЛЫҚ

Апай! Мұғалім күні
күттү болсын! Сізге зор
денсаулық тілеймін.



Мың да бір рақмет!

№ 4

Санаңыз.




1	10	100	1000
1200	1001	1010	1100
1600	1300	1700	1400
2000			
1500			
1900			

(119-бетте)

№ 5

а) Жауап беріңіз.




- а) № 98-үй қай көшеде орналасқан?
- ә) Банк қай көшеде орналасқан?
- б) № 74-үй қай ықшамауданда орналасқан?
- в) 37-мектеп қай көшеде орналасқан?

- ә) Көшелерде тағы қандай ғимараттар¹ орналасқан?

№ 6

Сұхбаттысыңыз.

- Ата: Сен қай үйде тұрасың?
- Бала: Мен, ата, 45-үйде тұрамын.
- Ата: Ол қайда орналасқан?
- Бала: Абай көшесінде.
- Ата: Абай туралы не білесің, қалқам?
- Бала: Абай — қазақтың ұлы ақыны.
- Ата: Айналайын, мың да бір рақмет саған! Бақытты бол!
- Бала: Айтқаныңыз келсін!



¹ Ғимарат — здание.

4B САБАҒЫ

№ 1

Бұл жануарлар не жейтінін, не ішетінін айтып беріңіз.



№ 2

Оқыңыз.

- **ас бөлме** [аспөлмө]: ас бөлме орналасқан; ешбір ас бөлмеде. Біздің пәтердегі ас бөлме үлкен.
- **шай** [шәй]: тәтті шай; шай мен сүт; шай ішпеймін. Мен қазір шай ішемін. Әжем шайды сүтпен ішуді жақсы көреді.
- **шырын**: қышқыл шырын; алхоры шырыны. Мен өрік шырынын жақсы көремін. Сіз шырынды саяжайда жасадыңыз ба?
- **сусын** [сұсун]: «Кока-кола» сусыны; ешқандай сусын. Сен ешқандай сусын ішпе. Жағажайға сусын ал.
- **тамақ**: тамақ жейміз = тамақ ішеміз. Сен қазір тамақ ішесің бе? Олар тамақ жеген жоқ.
- **түскі тамақ** [түскүтамақ]: түскі тамақ ішемін; сап-салқын түскі тамақ. Түскі тамақты біз мектепте ішеміз. Мен түскі тамақты сағат бір жарымда жеймін, содан кейін сабак оқимын.
- **тамақтану** [тамақтануу]: тамақтандым = тамақ іштім = тамақ жедім; қашан тамақтанасың?; кіммен бірге тамақтандың? Мен мектептен келемін де, тамақтанамын. Олар қашан тамақтанады?
- **пісіру** [пісіруу]: апам пісірді; мен тамақ пісіремін. Мен тамақты өзім пісіремін. Анасы мен әжесі тамақ пісірді. Әпкем қандай дәмді тамақ пісірді!

58

№ 3

Жауап беріңіз.



1845 жылы



1845 жылы




1946 жылы

- Бұл кім?
- Ол атақты ақын ба әлде ғарышкер ме?
- Ол қай жылы туған?

Берік болсын босаған!

№ 4

Есте сақтаңыз.



Мен оқып тұр **мын**
Сен оқып тұр **сың**
Сіз оқып тұр **сыз**
Ол оқып тұр

Біз оқып тұр **мыз**
Сендер оқып тұр **сыңдар**
Сіздер оқып тұр **сыздар**
Олар оқып тұр

(117-бетте)

№ 5

Толтырыңыз.

- а) Мен тісімді тазалаң тұрмын, сен сусын іш... отыр..., сіз газет оқ... жатыр..., ол шашын тара... тұр..., біз түскі тамақ іш... жатыр..., сендер істе... жатыр..., сіздер тамақ пісір... жатыр..., олар жаттығ... жүр....
ә) тамақтан..... жатырмыз, ... әткеншек теу... жүрсін, ... шанамен сырғана... жүр, ... шаңғы теу... жатыр, ... ойна... отырмын, ... тамақ же... жүрсіндер, ... аудар... тұрсыздар, ... сусын іш... отырсыз.

№ 6

- а) Қайсысы дұрыс?



59

Дәуреннің анасы тамақ пісіріп тұр. Дәуреннің анасы тамақ жеп тұр.

Дәуреннің атасы сүт ішіп тұр. Дәуреннің атасы сүт ішіп отыр.

Дәуреннің інісі алма жеп отыр. Дәуреннің інісі сүт ішіп отыр.

Дәуреннің өзі аулада ойнап жүр, ал әкесі газет оқып отыр. Дәурен әкесімен бірге аулада жаттығып жатыр.

№ 7

Сұхбаттасыңыз.



Жәмила: Қара, анда аю тұр.

Асқар: Кәне?

Жәмила: Әне, жағажайда жүр. Көріп тұрсың ба?

Асқар: Иә, көрдім. Қандай үлкен аю!

Жәмила: Ол не істеп тұр?

Асқар: Балық жеп тұр.


Жәмила: Фотоаппаратқа түсірейік¹.

Асқар: Иә, дұрыс айтасың.

¹ Түсірейік – давайте снимем.

№ 1

Олар қазір не істеп жатқанын айтып беріңіз.



№ 2

Оқыңыз.

- **ұйықтау** [ұйықтау]: ұйықтап жатыр; ұйықтама. Сен нешеде ұйықтайсың? Мен әрдайым сағат онда ұйықтаймын.
- **ұйықтайтын бөлме** [ұйықтайтымбөлме]: балалар ұйықтайтын бөлмеге; әр ұйықтайтын бөлмеде. Ұйықтайтын бөлме екінші қабатта орналасқан. Бұл сенің ұйықтайтын бөлмен ә?
- **айна**: айна тазалайды; айна тазалап тұр. Бұл бөлмеде айна бар екен. Тәтеме достары айна сыйлады.
- **еден**: еденде жатыр; еден жуамын. Еденде не жатыр? Еден ағаштан жасалды. Еденде ит жатыр.
- **кілем**: түрлі-түсті кілемдер; ұлкендеу кілем; қаралау кілем. Еденде кілем жатыр. Ата-анам кілем сатып алды.
- **шам**: жаңа шам; шамның түсі. Ас бөлмеде шам бар ма? Ұйықтайтын бөлмеде екі шам бар.
- **перде**: бір де бір перде; перде жуып жатырмыз. Ұйықтайтын бөлмеде перденің түсі сарылау екен. Онда перде жоқ.
- **ілулі тұр** [ілүүлүтұр]: кілем ілулі тұр; айна ілулі тұр; перде ілулі тұр. Ас бөлмеде жап-жаңа перделер ілулі тұр. Мұнда кілем ілулі тұр.
- **терезе**: терезелер; терезе тазалап жатырмыз. Мен қазір терезені тазалаймын. Бұл бөлмеде екі терезе бар.

№ 3

Өлеңді аударыңыз, жаттаңыз.

Сүт қалай ұйықтайды?

Сүт бір күні ұйықтапты,
Қатты ұйықтапты.
Ұйықтағаны соншалық,
Ұйып қапты.




— Ойбай, сүт ұйықтап қапты,
Ұйықтап қапты!
Қарап отырып,
Айран бопты,—
Деп, ел-жұрт қайран қапты.
Сүт үйқысын қия алмапты...
О. Әубекіров

Берік болсын босаған!

№ 4


1000




3000



7000



5000




9000




№ 5

Айырмашылықтар табыңыз.

1.



2.



Үлгі: Бірінші суреттегі үйдіктайтын бөлмеде үлкен кереует тұр, ал екінші суреттегі үйдіктайтын бөлмеде кішкентай кереует тұр.

№ 6

Әңгімеленіз.

61

Біздің үй



Біз Қарағанды қаласында тұрамыз, бірақ былтыр¹ біз Теміртауда тұрдық. Біздің үй Мәметова көшесінде орналасқан. Үйдің нөмірі² – 77, пәтердің нөмірі – 48.

77-үй бес қабатты. Біз үшінші қабатта тұрамыз. Пәтерімізде төрт бөлме бар. Маған ас бөлме ұнайды. Тағы маған ата-анамның үйдіктайтын бөлмесі ұнайды. Онда үлкен кереует тұр, тerezede көгілдір перде ілулі тұр, еденде жасыл кілем жатыр. Ең әдемі шам ата-анамның үйдіктайтын бөлмесінде ілулі тұр.

Ас бөлмеде таңертең біз бірге тамақ жейміз, шырын ішеміз. Содан кейін мен мектепке барамын, ал ата-анам жұмысқа барады. Тұскі тамақты біз бірге ішпейміз, бірақ сағат тұра жетіде біз әрқайсысымыз үйде боламыз да, ет³ жейміз, шай ішеміз, сөйлесеміз.

Біздің жанұя өте тату⁴.

№ 7



16–тапсырмадағы әңгімені тыңдаңыз, сұрақтарға жауап беріңіз.

¹ Былтыр – в прошлом году.


² Нөмір – номер.

³ Ет – мясо по-казахски, бешбармак.

⁴ Тату – дружный.

№ 1

Бұл адамдар қандай киім кигендерін айтып беріңіз.

**№ 2**

Оқыңыз.

- дәліз:** дәлізде түр; дәлізде ілулі түр. Дәлізде кім түр? Дәлізде үлкен айна ілулі түр. Екінші қабатта дәліз жоқ. Дәлізде орындық пен кішкентай үстел түр.

- киім ілгіш** [кійімілгіш]: киім ілгіштер; жап-жаңа киім ілгіш. Біз кеше киім ілгіш сатып алдық. Дәлізде киім ілгіш бар. Үйықтайтын бөлмеде киім ілгіш ілулі түр ма?

- есік:** есікпен; есікті итер. Есік пен терезені тазалап жатырмын. Есікті аш. Есікті жап. Мен есікті жуамын. Мен есікті жуып тұрмын. Есікті қандай түспен бояйсың?

- сыпыру** [сыпырғу]: еденді сыпырдым; еденді сыпырып жатыр. Балам, еденді сыпыр. Мен сыпырғым келмейді. Олар ауланы сыпырып жүр.


- кең:** кең бөлме; кең ас бөлме; үйықтайтын кең бөлме. Біздің пәтер кең. Үйықтайтын бөлме кең екен. Мен бұл көйлекті кимеймін, себебі, ол өте кең.

- тар:** тар емес, кең; тар шалбар; тар дәліз. Біздің пәтерде дәліз тар, ал ас бөлме кең. Маған мынау көйлек тап-тар. Саған шалбар тарлау емес пе? Жоқ, тар емес, кең.


- қасында, жанында:** бау-бақшаның қасында; айнаның қасында; атасының жанында. Ас бөлменің қасында балалардың бөлмесі орналасқан. Дүкеннің жанында театр орналасқан.

62**№ 3**

Жұмбақтарды шешіңіз.



Қолы бар,
өзі жазбайды,
Көзі бар,
өзі көрмейді.



Түр десем¹, тұрмайды,
Тұрсам² ғана тұрады.

¹ Десем – если я скажу.

² Тұрсам ғана – если только я встану.

Берік болсын босаған!

№ 4

Табыңыз.



№ 5


Сейлем құрастырыңыз.

Дәлізде					
Ұйықтайтын бөлмеде	еш...			жок,	себебі ол
Асханада	әр...			бар,	сондықтан ол
Балалар бөлмесінде					кен, тар.


№ 6

Толтырыңыз.

-ның, -нің, -тың, -тің, -дың, -дің




Есіктің қасында
күй ілгіш тұр.




Сабын... қасында
... жатыр.

Тәтем... жанында



Сиыр.....



№ 7

Сұхбаттасыңыз.

Сәуле: Дәлізде кім тұр?

Гауһар: Ойбай, қорқамын!¹

Сәуле: Ол есіктің қасында тұр

Гауһар: Ойбай, қорқамын!

Сәуле: Оның басында қалпақ бар.

Гауһар: Ойбай, қорқамын!

Сәуле: Оның үстінде пальто бар.

Гауһар: Ойбай, қорқамын!

Сәуле: Бірақ киімі кең сияқты². А-а, бұл киім ілгіш екен ғой!



¹ Қорқу — бояться.

² Сияқты — кажется.

№ 1

Олар туралы не айтасыз?

4-сынып, оқу,
ойнау,
ұқыпты, салақ,
 себебі, тіс тазалау,
беті-қол жуу



№ 2

Оқыңыз.

- **төргі бөлме** [төргүпөлме]: төргі бөлмеде; төргі бөлмеден; төргі бөлмеге. Әр төргі бөлмеде диван болады. Ол төргі бөлме кең. Төргі бөлмеде кілем ілулі түр.
- **теледидар** [теледыйдар]: түрлі-түсті теледидар; ешбір теледидарда; теледидардың қасында. Теледидар қай бөлмеде түр? Теледидардың қасында шам түр.
- **көру** [көрүү]: көрдім; көрдік; көріп отырмыз. Біз қазір теледидардан қызықты мультфильм көріп отырмыз. Сен Өселді көрдің бе? Мен сенің пәтерінді көрген жоқпын.
- **бейнемагнитофон**: әр бейнемагнитофон; бейнемагнитофонды көрдің. Теледидардың қасында бейнемагнитофон түр. Сен бейнемагнитофонды дәлізге неге қойдың?
- **жиһаз** [жыйназ]: жұмсақ жиһаз; жиһаз әкелдіңіз. Суретке жиһаз салындар. Жұмсақ жиһаз төргі бөлмеде түр.
- **қарама-қарсысында** [қарамағарсысында]: ненің қарама-қарсысында?; шкафтың қарама-қарсысында. Асханада үстелдің қарама-қарсысында шкаф түр. Жиһаз дүкенінің қарама-қарсысында мектеп орналасқан.

№ 3

Аударыңыз. Көшіріңіз.



17-тапсырманы тыңдаңыз, сурет салыңыз.

ИНАБАТ ТЫЛЫҚ


№ 4

Санаңыз.



2780

4444

391

1000

92


754

№ 5

Жауап беріңіз.

а) Бір қара шкаф қай бөлмеде орналасқан? Үш ақ шкаф үйықтайтын бөлмеде ілулі тұр ма? Шағын теледидар ас бөлмеде тұр ма? Үлкен теледидардың қарама-қарсысында диван ба? Креслоның қарама-қарсысында бейне-магнитофон тұр ма? Дәліздегі шкаф үлкен бе?

ә) Әр бөлмеде қандай жиһаз көріп тұрсыз?



№ 6

Сұхбаттасыңыз.



Асылбек: Бұл кім?

Мәдина: Бұл менің немере ағам.

Асылбек: Аты кім?

Мәдина: Ерлан.

Асылбек: Ерланның қасында кімдер тұр?

Мәдина: Ерланның қасында Саша деген досы, ал анау Меруерт деген дос қызы.

Асылбек: Ал сен қайдасың?

Мәдина: Міне, немере ағамның қарама-қарсысында тұрмын.



№ 7




18-тапсырманы тыңдаңыз, сурет салыңыз.

№ 1

«Менің ата-әжем» тақырыбы бойынша әңгімеленіз.

ата, әже,
ауыл, тұру, жас,
мейірімді, зейнеткер,
мал, бағу,
қасында, өзен,
шомылу

**№ 2**

Оқыңыз.

- жуынатын бөлме** [жұуынатымбөлмә]: жуынатын бөлмені сыпырды; жуынатын бөлме де бар. Жуынатын бөлме тар. Жуынатын бөлмеде үп-үлкен айна ілулі тұр. Ол жуынатын бөлмеде тісін тазалап тұр.
- дәретхана**: дәретхана мен жуынатын бөлме; кең дәретхана. Жуынатын бөлменің қарама-қарсысында дәретхана орналасқан. Дәретхана бірінші қабатта да, екінші қабатта да бар.
- алдында**: кімнің алдында?; сабақтың алдында; қыргүйектің алдында. Төргі бөлменің алдында асхана орналасқан. Терезенің алдында гүл тұр.
- астында**: теледидардың астында; үстелдің астында; шыршаның астында. Қардың астында бәйшешек өсіп жатыр. Теледидардың астында бейне-магнитофон тұр.
- артында**: саяжайдың артында; қораның артында. Қораның артында баубақша бар. Үш қабатты үйдің артында жиназ дүкені орналасқан.
- үстінде** [үстүндеге]: екінші қабаттың үстінде; шананың үстінде. Шкафтың үстінде әр түрлі жұмсақ ойыншықтар жатыр. Ағаштың үстінде құс отыр.
- ішінде**: өріктің ішінде; ашиқ хаттың ішінде. Кітаптың ішінде гүл жатыр. Қораның ішінде мал тұр.

66**№ 3**

Әнді аударыңыз, орындаңыз.



19–тапсырма.

**Шайтанарба¹**

Үстінде біреу отырған сияқты,
Астында біреу жүрген сияқты.
Қасында біреу түрған сияқты,
Артында біреу жатқан сияқты.
Ойпырым-ай, ойпырым-ай,
Шайтанарба екен-ай!

(113-бетте)

¹ Шайтанарба – чертова телега, в переносном смысле велосипед.

№ 4

Табыңыз да, суреттерін салыңыз.

Ойыншық арыстан кресло..... жатыр.
Ат.... құлыш түр.
Жуынатын бөлме... дәретхана орналасқан.
Дәптер... қарындаш жатыр.
Сарай... саябақ орналасқан.
Киім ілгіш... кілем жатыр.

-ның үстінде
-нің астында
-дың алдында
-дің ішінде
-тың артында
-тің қасында

№ 5

Жауап беріңіз.

Екі асық диванның жаңында
жатыр ма?

Қара асық үстелдің үстінде
ме?


Сары асық
бейнемагнитофонның
алдында жатыр ма?

Ең үлкен асық теледидардың
астында ма?

Ең кішкентай асық шкафтың
ішінде ме?

Шағын асық перденің
артында түр ма?

ә) Әр асық қайда жатқанын
айтып беріңіз.



67

№ 6

Сұхбаттасыңыз.

Настя: Динара, туған күніңмен! Мынау саған.

Динара: Рақмет. Настя, жүр, мен саған үйді көрсетемін.

Мынау ас бөлме. Біз ас бөлмеге жаңа жиһаз сатып алдық.

Настя: Құтты болсын!

Динара: Мынау жуынатын бөлме мен дәретхана.

Настя: Қандай кең!

Динара: Ал мынау ата-анамның үйіктайтын бөлмесі.

Кереуеттің қасында менің фотосуретім түр.

Настя: Үйіктайтын бөлменің қасында сенің бөлмен бе?

Динара: Иә, бірақ бүл бөлмеде мен әжеммен бірге тұрамын.

Настя: Қандай тамаша, әжең сенімен бірге тұрады.

Динара: Сенің әжең ше?

Настя: Ол кісі ауылда тұрады.



№ 7



20–тапсырмадағы сұрақтарға жауап беріңіз.

4

НЭТИЖЕ

№ 1

Еске түсіріңіз.



№ 2

Жазыңыз.



[әргім добойнайды]

[әрғашан күнсөмбесін]

[терезеде гүлілүүлүтүр]

№ 3

а) Толтырыңыз.

68 Эпкем тәргі бөлмені сыпсырып . Мен дәліздегі айнаны тазалап . Сен не істеп ? Сіз бейнемагнитофоннан кинофильм көріп ба? Біз киім ілгіштің жанында . Көкем есікті ашып . Атам мен әжем үйге кіріп . Сіздер дүкеннен нан сатып алып . Сен түскі тамақты пісіріп .

ә) Аударыңыз.

Мен диванда отырмын.

Ол дәлізге кіріп жатыр.

Мен диванда жатырмын.

Ол дәлізге кіріп тұр.

Сен шырын әлде сусын ішіп жатырсың ба?

Сен шырын әлде сусын ішіп жүрсің бе?

Біз теледидар көріп отырмыз.

Сіз тамақ пісіріп жатырсыз.

Біз теледидар көріп жатырмыз.

Сіз тамақ пісіріп отырсыз.

№ 4

Жауап беріңіз.


Бұл сіздің пәтеріңіз.

Ол қайда орналасқан? Қай көшеде әлде қай

ықшамауданда? Қай қабатта?

Пәтерде неше бөлме бар?

Әр бөлмеде қандай жиназдар тұр?

Өз бөлменің туралы толығырақ¹ айтып беріңіз.¹ Толығырақ – подробнее.

№ 5

Өзіңізді тексеріңіз.

Сынақ

1. Ата-анам әрдайым сағат тұра он екіде
а) үйиқтаймын.
ә) үйиқтайсыңдар.
б) үйиқтайды.
2. Тұскі тамағымды сағат бір жарымда
а) жеп отырмын.
ә) жеймін.
б) жеген жоқ.
3. Олар еден ... жатыр.
а) сыпырғысы.
ә) сыпырды.
б) сыпырып.
4. Кеме оқушыларда бола ма?
а) Ешкімде болмайды.
ә) Әркімде болады.
б) Мың да бір балада болады.




5. Мың да
а) жұз рақмет.
ә) бір рақмет.
б) екі рақмет.
6. Тар –
а) кең.
ә) үлкен.
б) шағын.
7. Біздің үйде үш бөлме бар:
а) тәргі бөлме, дүкен, ас бөлме.
ә) үйиқтайтын бөлме, тәргі бөлме мен мектеп.
б) тәргі бөлме, үйиқтайтын бөлме мен ас бөлме.
8. Қолы бар, ... жазбайды,
көзі бар, ... көрмейді.
а) өзім.
ә) өзі.
б) әрқашан.

69

№ 6

Ойнайық!



№ 1

Аударыңыз, тіркестерін табыңыз.

табиғат, аңыз, діни мектеп, шығарма, дарынды

№ 2

Оқыңыз.

- 1 -

Абай Құнанбайұлы

Абай Құнанбайұлы – қазақтың ұлы ақыны. Ол 1845 жылы 5 тамызда туған. Ұлы ақынның туған ауылы – Қасқабұлақ ауылы. Қасқабұлақ ауылы мен өзені Шыңғыстау деген таудың маңында¹ орналасқан. Қазір бұл ауыл Абай деп аталады. Шыңғыстаудың маңында атақты Шәкәрім де, Мұхтар Әуезов те туған.

Шыңғыстаудың табиғаты тамаша! Онда тап-таза өзендер, көлдер бар, ағаштары мен ғүлдері қандай әдемі! Абай туған табиғат туралы көп өлең жазыпты. Олардың ішінде «Қыс», «Күз», «Жаз» деген өлеңдер бар.



Түйе боздап, кой қоздап – қорада шу,
Көбелек пен құстар да сайда ду-ду.
Гүл мен ағаш майысып қарағанда,
Сыбдыр қағып, бұрандап ағады су.


Верблюжонка верблюдица громко зовет,
Блеют овцы, в кустах птичий гомон встает,
Мотыльки над травой – и в ветвях тополей,
Заглядевшихся в светлое зеркало вод².

70

Абайдың әжесінің аты Зере, анасының аты Үлжан болған. Олар Абайға көп ертегілер, өлеңдер мен аңыздар айтып берді. Анасы өлеңдерді, аңыздарды жатқа білген.

Әкесі Құнанбай Абайды тоғыз жасында Семей³ қаласындағы діни мектепке береді. Семей қаласында ол орыс тілін үйренеді. Ұлы ақын Пушкин, Лермонтов пен Крыловтың өлеңдерін қазақшаға аударады.

Абайдың атақты шығармасы⁴ – «Қара сөздер». Ал Абай туралы ең ірі шығарма – Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы.



¹ Маңында – у подножия.

² Бұл өлеңді орыс тіліне аударған П. Шубин.

³ Семей – город Семипалатинск.

⁴ Шығарма – произведение.

- 2 -

Жамбыл Жабаев

Жамбыл ата — атақты қазақ ақыны. Ол 1846 жылы Жамбыл тауының маңында туған. Ол жүз жасаған¹ кісі.

Жамбылдың бірінші ұстазы Сүйінбай деген ақын болған. Жамбылдың өзі ешқашан мектепте оқыған жок, әріп білген жоқ², бірақ өте дарынды болған. Ол көптеген өлең, аныз-дастандарды жатқа білген. Ол бірінші өлеңін 1862 жылы суырып салып³ шығарған.

Отанға, балаларға көп өлеңдерін арнады. Мысалы: «Одақ», «Атаның әлдіі», «Бесік жыры», «Отанды сүй», «Балаларға». Тағы да Жамбыл Жабаев «Өтеген батыр» деген дастан толғады⁴.

1936 жылы Мәскеу⁵ қаласында фестиваль болды. Оған Жамбыл атамыз барды, «Дала Гомері» деген атақта ие болды⁶.

Қазіргі балалар Жамбылдың өлеңдерін жатқа біледі. Ол туралы ән де айтады:



Жыр атасы – Жамбыл,
Жолы дара даңғыл.
Әзіне жас бәбектер
Арнап айтқан ән бұл.
Жамбыл ата,
Жамбыл ата – жыр ата.
Алдымызда тұрғандай ол тіл қата.
Жамбыл ата,
Жамбыл ата – бұл ата,
Арамызда жүргендей ол үн қата.

(нотасы 114-бетте)



Сұрақтар:

1. Жамбыл тауы қайда орналасқан?
2. Жамбыл деген сіздің досыңыз бар ма?
3. Жамбыл атандың бірінші ұстазы кім? Сіз өз бірінші мұғаліміңіз туралы не білесіз?
4. Мейрамдарда тілек білдіргендеге⁷: «Жамбылатадай⁸ жүз жаса», – дейді. Осы тілекті сіз кімге, қай мейрамда айтасыз?
5. Қазір Жамбылға неше жас болатын еді?

¹ Жүз жасаған — прожил сто лет.

² Әріп білген жоқ — был неграмотным.

³ Суырып салу — импровизация.

⁴ Толғады — написал.

⁵ Мәскеу — город Москва.

⁶ Атақта ие болу — получить звание.

⁷ Тілек білдіргендеге — когда высказать пожелание.

⁸ Жамбыл атадай — как дедушка Жамбыл.

Тоқтар Әубәкіров

Қазақтың бірінші ғарышкері — Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров. Ол 1946 жылы Қарағанды облысында туған. Ол Теміртау қаласында токарь болып жұмыс істеді.

1965—1969 жылдары әскери-әуе¹ училищесінде оқыды. Ол училище Армавир қаласында орналасқан.

Тоқтар аға — сынақшы² үшқыш. Ол 50-дегі үшақ игерген³. 1976 жылы Тоқтар аға Юрий Гагарин атындағы ғарышкерлер даярлау орталығында⁴ жаттығады.

1975—1979 жылдары Тоқтар Әубәкіров Мәскеу әуе институтында оқыды. 1991 жылы қазан айында «Союз ТМ» кемесімен ғарышқа үшты.



Тұңғыш қазақ ғарышкери

Әубәкіров ағаның
Даңқы көкке самғаған.
Тоқтар аға
Гагарин
Салған жолды жалғаған.

Тоқтар аға — жан ағам,
Бұрыннан да ер еді.
Менің батыр ағадан
Аумай қалғым келеді.

C. Қалиев

Тапсырмалар:

1. 3—4 сұрақ қойыңыз.
2. Сіз қазақтың екінші ғарышкері туралы не білесіз?

¹ Әскери-әуе — военно-воздушный.


² Сынақшы — испытатель.

³ Игерген — освоил.


⁴ Юрий Гагарин атындағы ғарышкерлер даярлау орталығы — Центр по подготовке космонавтов имени Юрия Гагарина.

Өнерліге есік ашық

Қандай сөздермен танысадасыз?



Не туралы сейлейсіз?



Қандай ережелермен танысадасыз?

Мен үйірме **г** барамын

Мен би үйірме **сі** **н** барамын


⋮
⋮
⋮

окушы, биші


№ 1

Таңертең не істейтініңізді айтып беріңіз.

1)



2)



3)



4)



№ 2

Оқыңыз.

- кету, кеткенде:** оннан жеті минут кетті; екіден он минут кеткенде; бестен жиырма минут кеткенде. Алтыншы сабак он екіден жиырма бес минут кеткенде болады. Тәтем үйге кетті. Қазір сағат үштен бес минут кетті.

- қалу, қалғанда:** онға екі минут қалды; неше минут қалғанда?; сегізге бір минут қалғанда. Біз көлге барып демаламыз, ал апам үйде қалады. Үшінші сабак онға бес минут қалғанда болады. Төртке неше минут қалды?

- басталу [басталұу]:** қашан басталады?; ешқашан басталмайды; басталып тұр. Бірінші сабак нешеде басталады? Жүр, кино басталды.

- аяқталу [айақталұу]:** аяқталып жатыр; аяқталған жоқ, он жарым; төрт жарымда. Алтыншы сабак нешеде аяқталады? Бұл мультфильм қашан аяқталады?

- соңғы [соңғы]:** соңғы сабак; соңғы ойын. Соңғы сабак не? Соңғы сабак сағат нешеде аяқталады?

№ 3

Өлеңді аударыңыз, жаттаңыз.

Саусақтарды саралап,
Кел, айтайық санамақ.

Жалқау болма, бас бармак,
Барлық жұмыс сенен-ақ
Басталады қазір-ақ!

Балаң үйрек, сен кетпе,
Еңбек сүй де, ерінбе.



Ортан терек, сен қалма,
Бәрі кетті жұмысқа.

Шылдыр шүмек, тұр да сен,
Мал мен төлге қара сен.

Соңғы саусақ еркетай,
Бәбек біздің кішкентай.
Аяқтай ма жұмысты?
Ешкім оны білмейді.

Г. Досмамбетова

№ 4

а) 4 сөйлем құрастырыңыз.

Қазір

9
6

-ға
-дан

20
17


минут

кетті.
қалды.

ә) Жауап беріңіз.



Сағат неше болды?



№ 5

а) Табыңыз.

Сағат онға жиырма минут ... бірінші сабак басталады.

Сағат тұра екі ... екінші сабак басталады.

Сағат төрттөн жиырма минут ... дene шынықтыру аяқталады.

Сағат бір жарым ... соңғы сабак аяқталады.

ә) Құнделігізді ашыңыз. Жауап беріңіз.

1. Бірінші (2, 3, 4, 5, 6) сабак қашан басталады?

2. Олар сағат нешеде аяқталады?

3. Соңғы сабак нешеде басталады, нешеде аяқталады?

-да, -де
кеткенде
қалғанда

75

№ 6

Сұхбаттасыңыз.

Таңертеңгі сағат тұра сегіз. Ажар үйіктап жатыр. Ажарға:

— Ажар, тұр, сағат тұра сегіз болды, — деді Бибігүл тәтесі.

— Ойырмай, мен сабақтан қалдым, — деді Ажар.

— Бірінші сабак нешеде басталады? — деп сұрады Бибігүл тәтесі.

— Мен сағат білмеймін, бірақ ұзын сағат тілі¹ 30 минутке келгенде, ал қысқа сағат тілі² сегізге келгенде бірінші сабак басталады, — деп жауап берді Ажар.

— Ажар, уақыт бар екен. Тез тұр да, беті-қолыңды жу, тамағыңды же.

— Қандай жақсы болды! — деп қуанды Ажар.



№ 7



21-тапсырма. Диктордың бүйрүғын орындаңыз.

¹ Ұзын сағат тілі — минутная стрелка.

² Қысқа сағат тілі — часовая стрелка.

5Ә САБАҒЫ

№ 1

Олар не істеуді жақсы көретіні туралы айтып беріңіз.



Дәурен



Саша



Айжан



Айнүр

№ 2

Оқыңыз.

- **уақыт**: қай уақытта?; ешбір уақыт. Менің ешбір уақыттым жоқ. Сенің маған уақытың бар ма?
- **бос**: бос уақыт; мен боспрын; мен бос емеспін. Сен бос уақытта не істейсің? Біз бос уақытта кітап оқымыз. Мен әдетте бос уақыттымда теледидар көремін.
- **үйірме** [үйүрме]: неше үйірме? үйірмеге барамын; спорт үйірмесіне баrasың. Менің сыныптастарым әр түрлі үйірмелерге барады. Бұл үйірме сағат нешеде басталады?
- **би** [бій]: би биледім; би үйірмесі. Маған би үйірмесі ұнайды. 5А сыныбы би үйірмесіне барады. Мен бос уақытта би үйірмесіне барамын.
- **майда моншақ жинау** [моншағжыйнау]: майда моншақ жинаймыз; майда моншақ жинау үйірмесі. Сендер қазір майда моншақ жинау үйірмесіне барасындар ма? Бізден ешкім майда моншақ жинау үйірмесіне бармайды.
- **бейнелеу өнері** [бейнелеуөнөрі]: бейнелеу өнері сабағы; бейнелеу өнері үйірмесі. Мен сурет салуды жақсы көремін, сондықтан мен бейнелеу өнері үйірмесіне барып жүрмін.
- **ЭКОЛОГИЯЛЫҚ**: экологиялық үйірме; экологиялық проблема. Біздің мектепте экологиялық үйірме бар. 4Б сыныбының оқушылары қазір экологиялық үйірмеде отыр. Экологиялық үйірме бірінші қабатта орналасқан.

№ 3

Есте сақтаңыз.



Мен үйірме **г** барамын.

Мен би үйірме **сі** **н** барамын.

Өнерліге есік ашық

№ 4

Толтырыңыз.

-ге, -сіне

Біз кеше жаңа үйірме... бардық. Біз кеше спорт үйірме... бардық. Олардың әрқайсысы хор үйірме... барды. Дәурен досымен бірге би үйірме... келді. Дәурен досымен бірге қай үйірме... келді? Сендер қанша үйірме... жазылдыңдар? Мен де, Олжас та экологиялық үйірме... жазылдық.

№ 5

Сөздерді «Бос уақыт», «Табиғат» пен «Үй» топтарына бөліңіз.

Төргі бөлме, жануар, дәліз, би, кірпі, бейнемагнитофон, еден, өмір сұру, жиһаз, майда моншақ жинау, орман, үйықтайтын бөлме, түлкі, балық, пәтер, бейнелеу өнері, асхана, демалу, ауа райы, экологиялық үйірме, бұлт, жуынатын бөлме, дала, шам, сурет салу.

№ 6

Сөйлемдер құрастырыңыз.

Мен сурет салуды
Сен жануарларды
Құрбым еңбек сабағын
Біз билеуді
Сендер ән айтуды
Олар

ж а с о н д ы к т а н
а к с ы ы р е...,

ж а с о н д ы к т а н




ү ы і ր м е г с і ң е
б а р ы ы ж ў р . . .



№ 7

Әңгімелеп беріңіз.



Біздің мектеп ең жақсы мектеп деп ойлаймын, себебі сабактарды ең жақсы үстаздар береді. Бос уақытта да әр түрлі үйімелер бар. Олар: би үйірмесі, майда моншақ үйірмесі, экологиялық үйірме, шахмат үйірмесі, хор үйірмесі.

Мектептің әр оқушысы үйірмеге барады. Мысалы, Саша мен Бексұлтан экологиялық үйірмеге барады. Оксана мен Зарина майда моншақ жинау үйірмесіне барып жүр. Ал Медет, Аружан мен Мерекеге би үйірмесі үнайды.

Маған үйірмелердің әрқайсысы үнайды, бірақ бос уақыттың көп емес, сондықтан мен тек¹ хор үйірмесіне барып жүрмін.

№ 8

Сыныптарыңыз, өзіңіз бос уақытта қандай үйірмелерге барасындар? Неге оларға?

¹ Тек — только.

5Б САБАГЫ

№ 1

Жамбыл ата туралы сөйлеңіз.



№ 2

Оқыңыз.

- **шұғылдану** [шұғұлдану] = **айналысу** [айналысұ]: немен шұғылданасың?; спортпен айналыстық. Мен бірінші сыныптан бимен шұғылданамын. Ағаларым бокспен айналысып жүр.
- **домбыра** [домбұра]: домбыра үйірмесі; домбыра мен гитара. Сен домбыра тартуды кімнен үйрендің? Мен домбыра тартуды ұнатамын. Төргі бөлмеде атамның домбырасы ілулі түр. Ақынды домбырамен марапаттады.
- **тарту** [тартұу]: домбыра тарттыңыз; домбыра тартқан жоқ. Мен домбыра тартқанды ұнатамын. Мен бос уақытымда домбыра тартамын. Сен домбыра тартуды кімнен үйрендің?
- **қобыз** [қобұз]: қобыз берін домбыра; қобыз тартасыңдар. Сен қобыз тартасың ба? Біз қобыз үйірмесіне барамыз. Мен құрбыммен бірге қобыз тартумен шұғылданамын.


78

№ 3

Аударыңыз, жаттаңыз.



Үш жақсы
Адалдық жақсы
Еңбек сую жақсы
Өнерпаздық жақсы



Үш арсыз
Ұйқы арсыз
Күлкі арсыз
Тамақ арсыз



Үш тәтті
Ананың сүті тәтті
Баланың құлқісі тәтті
Туған жер тәтті

№ 4

Таңдаңыз.

Мен бос уақытта/уақытқа майда моншақ жинаумен айналысамын. Ата-анам дүкеннен/дүкенде сатушы болып істейді. Сендер сағат нешеде би үйірмесіне/үйірмеге баrasындар? Домбыра мен қобyz – қазақтың ұлттық музика аспаптары/аспалтар. Біздің кеше концертте домбыра тартамыз/тарттық. Біздің сыныпта ешкім қобyz тартуға/тартумен шұғылданбайды.

№ 5

а) Жауап беріңіз.

A

Ол 3-сыныпта немен шұғылданды?

A

Ә



A



Ә

Ал қазір немен шұғылданып жүр?

A



Ә



ә) Енді шұғылдану сөзін айналысу сөзіне ауыстырыңыз.

б) Өзіңіз бен құрбыңыз бос уақытта немен шұғылданып жүрсіздер? 3-сыныпта оқығанда¹ ше?

79

№ 6

Әңгімелеп беріңіз.

Аспап тартушылары²

Менің тәтем бар. Ол қырықта. Тәтем қазақтың ұлттық аспаптары оркестрінде қобyz тартады. Оның ұлының аты Асқар. Асқар да музыканы ұнатады. Бірақ ол қобyz емес, домбыра тартады. Асқар домбыра тартуды өзі үйренді, ал мен Асқардан үйрендім.



Біздің мектепте ұлттық аспаптары үйірмесі бар. Онда оқушылар орыс балалайкасы, үйғыр дутары, неміс гармошкасын тартады. Әрине, домбыра да тартады. Менің құрбым Саша Цой домбыра тартумен шұғылданып жүр. Ол: «Домбыра – ең жақсы аспап», – дейді.

№ 7



22-тапсырма. Қазақ ұлттық аспаптарының дыбыстауын тыңдаңыз, сұрақтарға жауап беріңіз.


¹ Оқығанда – когда учились.

² Тартушы – исполнитель.

№ 1

Ауылда балалар мал мен төлге қалай
қарайтыны туралы айтып беріңіз.

мал, төл,
төлдеу, бағу,
қора, су, жем,
беру, қой,
сиыр, жылқы

**№ 2**

Оқыңыз.

- **күрес** [күрəс]: күреспен айналысу; күреспен шұғылданбаймын. Біздің сыныпта ешкім күреспен шұғылданбайды. Сен күреспен неше жыл айналысып жүрсің? Мен теледидардан күресті көрдім. Мен күрес үйірмесіне барамын.

- **күресші** [күрəшші]: күресшінің шалбары; күресші оянды. Мен күресші болғым келеді. Менің екі ағам — күресші. Сен атақты күресшілерді білесің бе? Күресшілердің белмесінде сұлгі мен сабын бар.

- **әрі**: әрі ойнаймын; әрі демаламын; әрі тамақтанады. Маржанның ұлы бос уақытта әрі бейнелеу өнері үйірмесіне барып жүр, әрі спортпен айналысады. Жамбыл Жабаев — ақын әрі домбырашы.

80

- **өнерлі** [өнөрлі]: өнерлі адам; дарынды әрі өнерлі. Біздің үйірмеде әр бала өнерлі. Мен кеше бір өнерлі адам туралы ертегі оқыдым. Бұл сынныптың оқушылары өнерлі екен.

- **қатысу** [қатысұу]: концертке қатысып жатыр; сабакқа қатыстық. Атақты домбырашы концертке қатысты. Сен майда моншақ жинау үйірмесіне қатысасың ба? Сен кеше сабакқа неге қатысқан жоқсың? Біз Жаңа жыл шыршасына қатыстық.

№ 3

Мақал-мәтелдерді аударыңыз, жаттаңыз.



Бес саусағынан өнер тамған.



Өнерліге есік ашық.

№ 4

Есте сақтаңыз.



оку^{шы}, би^{ші}

(117-бетте)

№ 5

а) Толтырыңыз.

Домбырашы, скрипка..., футбол..., гитара..., бокс..., ойын..., сурет..., тіл..., шаңғы..., мал..., би..., сиыр..., жылқы..., қой..., баскетбол..., спорт..., жүгіру..., орман..., волейбол..., теннис..., хоккей..., шахмат..., ән....

ә) Реттеңіз.

Ауыл адамдары	Спорт адамдары	Өнер адамдары
малыши		
.....

№ 6

Ауыстырыңыз.

да, де, та, те, мен, және → әрі

Ертең қар да жауады, боран да соғады. Біз сабакта Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әңүраның және «Мениң Отаным» әнін орындадық. Оспановтар жағажайда құм қалашығын жасады және өзенге шомылды. Мен әртіс те, суретші де болғым келеді. Жуынатын бөлмеде сабын және сұлғі ілулі тұр екен. Жандос өнерлі және дарынды бала. Ол қобыз берінде сабакқа да, үйрімеге де қатысқан жоқсын.

81

№ 7

Өңгімелеп беріңіз.

Әрі домбырашы, әрі спортшы

«Ұлан» газетінің 1-бетінде Әлішер Елубайұлы туралы жазылған, әрі оның бейнесі¹ салынған. Ол Астана қаласындағы фестивальға қатысты, сол үшін ол туралы «Ұлан» газетіне жазды.

Әлішер Елубайұлы – Айдостың немере інісі. Әлішер музикалық мектептің 3-сыныбында оқиды. Ол домбыра тартумен 4 жастан шүғылданады. Оның бос уақыты ешқашанда болмайды, себебі, ол сабак даярлап болған соң² домбыра тартады. Бірақ, әрине, жексенбіде ол ата-анасымен бірге табиғатқа барып демалады.

Тағы да менің немере інім спортпен айналысып жүр. Ол футболды ұнатады, сондықтан футбол үйрімесіне барып жүр. Әлішер: «Мен әрі домбырашы, әрі футболшы болғым келеді», – дейді.



№ 8

а) Айдостың немере інісінің аты-жөні кім?

ә) Ол туралы газетке неге жазған?

б) Әлішер туралы қандай мақал-мәтел айтуға болады? Неге?

¹ Бейне – портрет.

² Даярлап болған соң – после того как сделает.

№ 1

Бұл — Мақта қыздың күн тәртібі¹. Ол әдетте не істейтіні туралы айтып беріңіз.



7:00	ояну
7:05	таңертенгі жаттығу
7:15	жуыну, киіну
7:25	тамақтану
7:45	мектепке кету
8:00	сабак басталуы

13:20	үйге бару
13:35	жуыну, киім ауыстыру
13:45	түскі тамақтану
14:05	сабак оқу
16:00	экологиялық үйірмеге бару

№ 2

Оқыңыз.

- **байқау:** байқауға қатысып жатырмын; музыкалық байқау. Мен аспаптарда ойнау байқауында күй орындарым. Біздің мектепте байқау болды.
- **жарыс:** спорт жарысы; жарысқа қатыстық. Сен шахматтан жарысқа қатысасың ба? Астана қаласында күрестен жарыс болады. Жарыс қай сарайда болады?
- **женді** [женүү]: мен жендім; женғен жоқ. Жарыста Саша женді. Байқауда кім женді? Менің құрбым шахмат турнирінде женді.
- **республика — республикалық:** республикалық байқау; 35-республикалық байқауға. Скрипкашылар республикалық байқауға қатысты. Ол республикалық байқауда ән орындарды.
- **облыс — облыстық** [уоблыстық]: әрі облыстық жарыс; облыстық жарыста. Мен облыстық жарыста жендім. Біздің сыныптас облыстық байқауда жұлдемен марапатталды.
- **ықшамаудан — аудандық:** аудандық әлде облыстық; әр аудандық мереке. Күрестен аудандық байқау ертең болады. Аудандық жарыста кім женді?
- **қала — қалалық:** қалалық саябақ; қалалық байқауға. Балалар қалалық сарайда әр түрлі үйірмелерде шұғылданып жүр.
- **ауыл — ауылдық:** ауылдық үй; ауылдық мейрам. Біз ауылдық та, аудандық та, облыстық та жарысқа қатыстық.

82

№ 3

Сөздерді аударыңыз, жаттаңыз.

Күресші, менімен күресші,
Кел, менімен жарысшы.
Күрішкан, тезірек өсші,
Сонда ғана күресейікші.



¹ Тәртіп — здесь: распорядок.

№ 4

Табыңыз.

-нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен

Спорт жарыстары:

күрес... жарыс
шахмат... жарыс
футбол... жарыс
үлкен теннис....

Өнер байқаулары:

скрипка тарту... байқау
домбыра тарту... байқау
би... байқау
ән айту....


№ 5

Толтырыңыз.

A

- – ауылдық жарыс
- – қалалық ...

Ә



B

Енді жарыс сөзін байқау сөзіне ауыстырыңыз.

№ 6

Әңгімелесіңіз. Сіз атақты спортшымен кездесіп отырсыз.
Неше, қандай, не үшін деген сөздерді пайдаланып,
Арман ағайға сұрақтар қойыңыз.

83

Арман Демеуов – қазақтың атақты боксшысы. Ол Олимпиада ойындарына қатысты. Арман ағай Американың, Кубаның боксшыларын жеңді, сондықтан оны алтын¹ медальмен маралпаттады.

- Арман ағай, ...?
- Менің дәрігер болғым келді.
- Арман ағай, ...?
- Мен бокспен он жастан шұғылданып жүрмін.
- Сіз ...?
- Мен мектепте оқығанда² домбыра үйірмесіне бардым.
- ...?
- Мынау медальды аудандық жарысқа қатысқаным үшін алдым. Мынау медальды облыстық жарысқа қатысқаным үшін алдым, ал мынау медальды республикалық жарысқа қатысқаным үшін алдым.

¹ Алтын – золото, золотой.

² Оқығанда – когда учился.

5

НЭТИЖЕ

№ 1

Еске түсіріңіз.



№ 2

Жазыңыз.



[бұғұн соңғасабақ сурет].....

[мен бійійірмесінебарыпжүрмүн]

[кобұз қазақ ұлттығаспабы]

№ 3

Табыңыз.

84

бос

соңғы

өнерлі

қалғанда

әрі

ұлттық

кеткенде

Әдетте, таңертең сағат оннан жиырма минут ... мен майда моншақ жинау үйірмесіне барамын. Дүйсенбіде ... сабак қандай? Мен дос қызыыммен бірге түскі тамаққа екіге бес минут ... барамыз. Мениң немере қарындастым — ... музыкант. Көріс ... аспабы — барабан чанго. Біз бейнелеу өнері үйірмесінде сурет салдық, ... ұлттық ойындар ойнадық. Сенің ... уақытың бар ма?

№ 4

Әңгіме құрастырыңыз.

Маржан мен Нұржан

1.



2.



3.



4.



№ 5

Өзінізді тексеріңіз.

Сынақ




1. Әр үл бала әдетте бос уақытта немен айналысады?
 - а) Ұйықтайды.
 - ә) Спортпен шұғылданады.
 - б) Теледидар көреді.
2. Әр қызы бала әдетте бос уақытта немен шұғылданады?
 - а) Кәмпит жейді.
 - ә) Сөйлеседі.
 - б) Бимен әлде музикалық аспапта ойнаумен шұғылданады.
3. Қуресші, боксшы, футболшы, теннисші —
 - а) спортшылар.
 - ә) спорт.
 - б) спортшы.
4. Домбырашы, қобызшы, скрипкашы, барабаншы —
 - а) ақындар.
 - ә) музиканттар.
 - б) бишилер.
5. Уақыт туралы қай сөйлем?
 - а) Бірінші сабак басталды.
 - ә) Бірінші жарыс басталды.
 - б) Бірінші сабак сегіз жарымда басталады.
6. Арман Демеуов — атақты
 - а) футболшы.
 - ә) домбырашы.
 - б) боксшы.
7. Жамбыл Жабаев әрі ақын, әрі ... болған.
 - а) қобызшы.
 - ә) домбырашы.
 - б) спортшы.
8. Бес саусағынан ... тамған.
 - а) моншақ.
 - ә) су.
 - б) өнер.



85

№ 6

Сөздерді табыңыз.



№ 1

Аударыңыз, тіркестерін табыңыз.

тәнистыру, мәнерлеп оқу, жүлде

№ 2

Оқыңыз.

Қазақстанның дарынды балалары

- 1 -

Шапағат Тұржанов



Жеке карточка

Аты-жөні: Тұржанов Шапагат
Казыбекұлы

Тұған күні, айы, жылы: 31 наурыз 1991 жылы

Отаны: Қазақстан Республикасы

Ұлты: қазақ

Қайда тұрады: Екібастұз қаласы,
Урожайнайна көшесі, 3A үйі, 5-пәтер

Қайда оқиды: 33-мектепте

86

Тұржанов Шапағаттың ең сүйікті сабағы — математика. Бұл сабактан тек қана бес алады. Ол бос уақытында шахмат үйірмесіне барады.

Қазір Шапағат 2-разряд алу үшін жарысқа қатысып жүр. 2002 жылы ол облыстық шахмат турнирінде женді.

Ал спорттан ол күресті ұнатады. Күреспен жеті жасынан шұғылданып жүр. Ол таңертең сағат сегізден он минут кеткенде мектепке барады, содан кейін сағат тұра үште ол күрес секциясына барып жаттығады.

Шапағаттың екі қарындасы бар. Олар: Шырын мен Сымбат. Сымбат екі жаста, ал Шырын он екі жаста. Шапағат пен Шырын әрдайым ата-анасына көмектеседі. Олар үйді жинайды, еденді жуады, кішкентай Сымбатқа қарайды. Олар — әрі мейір-імді, әрі әдепті¹ балалар.

Сұрақтар:

1. Шапағаттың жанұясы туралы не білдіңіз?
2. Шапағат шахматпен, күреспен айналысуға, сабак оқуға, үй шаруасына уақытты қайдан табады деп ойлайсыз?



¹ Әдепті — воспитанные.

- 2 -

Жұлдыз Жәкенова



Жеке карточка

Аты-жөні: Жәкенова Жұлдыз
..... Жұмаханқызы
Туған күні, айы, жылы: 3 қазан 1988 жылы
.....
Отаны: Казақстан Республикасы
Ұлты: қазақ
Қайда тұрады: Алматы қаласы, "Самал-2"
..... ықшамауданы, 53-үй, 8-пәтер
Қайда оқиды: 159-мектепте

Жұлдыз – дарынды әрі өнерлі қыз бала. Ол төрт жастан бимен айналысып жүр. Ол қазақ биін, орыс биін, неміс биін де билейді. 1996 және 1997 жылдары «Айналайын» республикалық фестиваліне қатысты. Ол Түркия¹ мен Польшада өткен дарынды балалар фестивальдарына да қатысты.


2000 жылы француздар әр елдің дарынды балалары туралы деректі² фильм түсірген³. Сонда Жұлдыз Жәкенованы да түсірді. Ол француздарды ұлттық бимен, ұлттық киіммен таныстырыды.

Жұлдыз тек қана бимен айналыспайды, ол тағы өлеңдерді мәнерлеп оқумен шұғылданады. Ол Абай өлеңдерін ұнатады. Орыс ақындарынан Пушкиннің өлеңдерін оқығанды ұнатады. Ал қыста жексенбі күні Жұлдыз ата-анасымен бірге Шымбұлаққа барып, шаңғы тебеді.

Мектепте де ол бірінші. Әр сабактан тек қана бес алады. Жұлдыз әрі қазақ тілі мен ана тілі сабактарын, әрі дүниетану сабағын ұнатады. Оның үйінде жануарлар бар. Аквариумда әр түрлі балықтар бар, мысығы да бар.

Сұрақтар:

1. Қазір Жұлдыз неше жаста?
2. Ол қай мемлекеттерде болды?
3. Ол бос уақытында немен шұғылданады?
4. Жұлдыздың ең сүйікті сабағы қандай деп ойлайсыз?
5. Француздар Жұлдыз туралы неге деректі фильм түсірді?
6. Жұлдыз туралы қандай мақал-мәтелді айтуда болады?



¹ Түркия – Турция.

² Деректі – документальный.

³ Түсіру – снимать.

- 3 -

Шернияз Мұсахан



Жеке карточка

Аты-жөні:	Мұсахан Шернияз Еркебұланұлы
Туған күні, айы, жылы:	29 қараша 1993 жылы
Отаны:	Қазақстан Республикасы
Ұлты:	қазақ
Қайда тұрады:	Алматы қаласы, Гоголь көшесі, 15-үй
Қайда оқиды:	Күләш Байсейітова атындағы мектепте

Шернияз Мұсахан — дарынды скрипкашы. Ол скрипканы алты жастан тартады. Оның бірінші үстазы — София Борисовна Затуринская.

2001 жылы желтоқсан айында өткен¹ «Үлкен Қазақстанның кішкентай жүлдүздары» республикалық байқауында Шернияз Мұсахан женди. Астанада 2002 жылы наурыз айында өткен жас музықанттардың 34-республикалық байқауында да женди.

88



Ал Италияның Сан-Бартоломео қаласында 12—21 шілдеде жас дарындардың «Ромередоро-2002» байқауы болды. Оған көптеген елдердің жас музықанттары қатысты. Байқауда біздің Шернияз бас жүлде алды. Шернияз 2002 жылы мамыр айында Санкт-Петербург қаласында өткен Қазақстан Республикасының күндеріне қатысты. Онда ол Жаяу Мұсаның «Ақ сисасын», Антонио Вивальдиң концертін, Рубенштейннің «Прялкасын», Э. Дженкинсонның биін, Г. Мариidің ариясын, Л. Боккеринидің «Менуэт» пьесасын тамаша орындағы.

Атақты скрипкашы Владимир Спиваков өнерлі Шерниязға өз скрипкасын сыйлады.

— Владимир ағай сыйлаған скрипка маған үлкен, бірақ мен өсемін ғой, сонда біз дос боламыз, — дейді кішкентай Шернияз.

Қадамыңа нұр жаусын, айналайын Шернияз!

Сұрақтар:

1. Шернияз қандай қалаларда болды?
2. Ол қандай аспап тартып жүр?
3. Ол дарынды скрипкашы ма? Дәлелденіз.
4. Владимир Спиваков туралы не білесіз?
5. Шернияз Мұсаханға қандай мақал-мәтөл айтасыз?

¹ Өткен — прошедший.

Табиғат — тал бесігің

Қандай сөздермен танысасыз?



Не туралы сөйлейсіз?



89

Қандай ережелермен танысасыз?

- | | | | | |
|-----------|-----------|--------------|--------------|----------------|
| қаттырақ | кішірек | біреу, алтау | досымдай | мендей |
| ыстығырақ | үлкенірек | ... | бұлттай | кәмпитетей |
| | | | атасындей | сіңлісіндей |
| | | | атамдікіндей | Дәурендікіндей |

6А САБАГЫ

№ 1

Бұл жануарлар қайда өмір сүретіндерін айтып беріңіз.



№ 2

Оқыңыз.

- **мекендеу:** арыстан мекендейді; қайда мекендейді? Жолбарыс далада да, орманда да мекендейді. Қасқыр далада мекендейді.
- **қарсақ:** қарсақ өмір сүреді; қарсақ мекендейді. Қарсақ Қазақстанның даласында мекендейді. Қарсақ – дала тұлкісі.
- **құлан:** құланнның қасында; құландардың түсі. Құландар далада мекендейді. Құландар шөп жейді.
- **итбалық [ійтпалық]:** итбалықтың жемі. Итбалық қайда мекендейді? Итбалық деген балық па әлде ит пе?
- **шөл:** шөлде мекендейді; шөлде өмір сүреді. Шөлде қандай жануарлар мекендейді? Шөлде түйелер жүреді.
- **тоғай:** тоғай мен орман; тоғайда өседі. Тоғайда қандай жануарлар өмір сүреді? Қазақстанда тоғайлар көп.
- **теңіз:** теңіз болады; теңізге шомылдық. Мен жазда теңізде шомылдым. Итбалық теңізде мекендейді. Қазақстанда Каспий теңізі бар. Ол теңіз қайда орналасқан?
- **тек қана:** тек қана мен; тек қана теңізде. Ол жануар тек қана шөлде мекендейді. Мен қазақ тілінен тек қана бес аламын. Мен тек қана жексенбіде сағат тоғызда оянамын.


90

№ 3

Әнді аударыңыз, орындаңыз.



23-тапсырма.



Кім қайда мекендейді

Мекендейді тоғайда
Қараторғай мен торғай да.
Мекендейді теңізде
Итбалық пен балық та.
Мекендейді далада
Қарсақ пен құлан да,
Тек қана шексіз шөлде
Мекендей алады¹ түье.

(115-бетте)

¹ Мекендей алады – может обитать.

№ 4

Қосыңыз.

тек қана

Ағам домбыра тартады.		Жанат хауызда шомылды.	
Шөлде құлан мекендей ме?		Жуынатын бөлмеде сабын мен сұлғи болады.	
Олар орындық жасауды еңбек сабағында үйренди.		Қазақстанда итбалық Каспий теңізінде мекендейді.	

№ 5

а) Табыңыз.

- Итбалық не жейді?
- Құлан қайда мекендейді?
- Қарсақ ауылда өмір сүре ме?
- Тоғайда не мекендейді?
- Ит жабайы жануар ма?
- Балықты қандай жануарлар жемейді?
- Құланның түсі қандай болады?
- Қарсақ түлкіден үлкен бе?

Сиыр, түйе, ешкі, қой.
Жок, кішкентай.
Құстар.
Балық.
Жок, өмір сүрмейді.
Жок, үй жануары.
Сұр.
Далада.

91

ә) Енді жауаптарды толықтырыңыз.

№ 6

Әңгімелеп беріңіз.

Қазақстан сұлары

Қазақстанда көп өзен мен көлдер бар. Мысалы, Балқаш, Алакөл мен Бурабай көлдері, Ертіс, Сырдария мен Есіл өзендері. Бұл көлдер мен өзендер өте өдемі, табиғаты тамаша, бірақ қазір олардың сұзы таза емес.

Ал теңіздерден Каспий мен Арал бар. Арал теңізінің сұзы азайып кетті¹. Онда көп жануарлар мекендеңді, өсімдіктер де өспейді. Бірақ Аралдың сұзы орнына келеді² деп ойлаймын.

Каспий теңізі туралы көп айтуда болады. Онда әр түрлі балықтар, жануарлар өмір сүреді. Бірақ, меніңше, ең қызығы, онда итбалық мекендейді. Бұл теңізге итбалық қайдан келгенін³ ғалымдар білмейді.

№ 7



24–тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

¹ Азайып кету – уменьшиться.

² Орнына келеді – вернется на свое место.

³ Келгенін – пришли.

6Ә САБАҒЫ

№ 1

Дәурен мен Тазша бала қалай жуынады?



№ 2

Оқыңыз.

• **ҰЗЫН** [ұзұн]: ұп-ұзын; ұзындау; ұзын шаш. Қыз Жібектің шашы ұзын. Ертіс – Қазақстанның ең ұзын өзені.

• **ҚЫСҚА**: қысқалау; қып-қысқа; ұзын емес, қысқа. Оның шашы қысқа әрі қара. Маған шашы қысқа балалар үнайды.

• **БОЙ, ТҮРҚЫ** [тұрқұ]: адамның бойы; жануардың түрқы. Сенің бойың қандай? Менің бойым 1 метр 30 сантиметр. Жылқының түрқы қандай? Тышқанның түрқы кішкентай. Өзімнің бойым ұзын.

• **МОЙЫН** [мойұн]: пілдің мойны; адамның мойны. Түйенің мойны ұзын, ал қойдың мойны қысқа.

• **ҚҰЙРЫҚ** [құйрүқ]: ұзын құйрық; қысқа құйрық. Тұлкінің құйрығы ұзын. Қоянның құйрығы қысқа. Аюдың да құйрығы қысқа.

• **ТҮМСЫҚ** [тұмсұқ]: құстың тұмсығы; иттің тұмсығы. Итбалықтың тұмсығы қандай? Бұл жануардың тұмсығы ұзын.

• **МҰРЫН** [мұрұн]: адамның мұрны; менің мұрным. Оның мұрны ұзын емес. Буратиноның мұрны ұп-ұзын.

• **КЕРІК**: керік мекендейді; керіктің мойны. Керік Африкада мекендейді. Керіктің түрқы ұзын, оның мойны да ұп-ұзын.

№ 3

Өлеңді аударыңыз, жаттаңыз.

Керік пен піл

– Ұзын менің бойым да,
Ұзын менің мойным да!
Деді керік бір пілге,
Әлі өсу бар ойымда.

– Өсіп, досым, екі айда,
Маған десен, жет Айға!
Бірақ жерге жетпейтін
Сол мойыннан не пайда?
Қадыр Мырза Әли



Табиғат – тал бесігің

№ 4

Есте сақтаңыз.



(118-бетте)

№ 5

Толтырыңыз.

- a) ашық..., жұмсақ..., шағын..., кең..., ұзын..., ерте..., салқын....
ә) ...рак, ...рек, ...ырақ, ...ірек.

№ 6


Жауап беріңіз.

а)



Буратино **Құйыршық**

Қайсысының бойы ұзынырақ?
Қайсысының мұрны ұзынырақ?
Қайсысының мойны ұзынырақ?



93

ә)


- Қай жануардың тұрқы ұзынырақ?
Қай жануардың басы үлкенірек?
Қай жануардың мойны қысқалау?
Қай жануардың тұмсығы ұзынырақ?
Қай жануардың құйрығы ұзынырақ?
б) Енді жауаптарды (а, ә) былай құрастырыңыз.

Буратиноның бойы Құйыршықтың бойынан ұзынырақ.

в) Ал енді өз құбынызбен бірге бой, мұрын мен мойындарыңызды салыстырыңыздар.

№ 7

Толтырыңыз. Мойындары мен тұмсықтары туралы сөйлемдерді қосыңыз. Сұхбаттасыңыз.



Талас¹

Ерте, ерте, ертеде тоғайда екі динозавр — Ақ Дино мен Қара Дино мекендепті. Бір күні олар таласып жатыр екен:

Ақ Дино: Менің тұрқым сенің тұрқынан ұзындау.

Қара Дино: Жоқ, менің тұрқым сенің тұрқынан ұзынырақ.

Ақ Дино: Менің құйрығым

Қара Дино: Жоқ, менің құйрығым

¹ Талас, таласу — спор, спорить.

№ 1

Көктемде табиғат қандай болатынын айтып беріңіз.

көктем,
күн жылу,
қар еру,
бәйшешек,
қызғалдақ,
сарғалдақ шығу

**№ 2**

Оқыңыз.

- **құлақ:** құлағым; керіктің құлақтары. Иттің құлақтары ұзынырақ.
- **көз:** ірі алма; ірі жиһаз. Джунглиде ірі жануарлар өмір сүре ме? Біздің бау-бақшада ірі гүлдер өседі.
- **тырнақ:** мысықтың тырнағы; саусақ пен тырнақ. Сен тырнақтарынды алдың ба?
- **саусақ:** саусақтар; бес саусақ. Қолда неше саусақ болады? Адамның саусақтары; адамның бойы; жануардың түркү. Сенің бойың қандай?
- **башпай:** башпай мен саусақтар; башпайлары өсті. Қолда саусақ па әлде башпай ма? Башпайлары ұзынырақ.
- **аяқ [айак]:** қол мен аяқ; аяқтар. Сегізаяқтың неше аяғы болады? Қолыңды да, аяғыңды да жу.
- **біреу:** бір – біреу; біреуіміз. Біреуің барыңдар. Бүгін біз бесеуіміз. Алтауың ауланы тазалаңдар, үшеуің еден жуыңдар.
- **нешеу:** нешеуі жазды?; нешеусіндер? Қазір сендер нешеусіндер? Төргі бөлмеде нешеуі отыр?

94

№ 3

Өлеңді аударыңыз, жаттаңыз.

Саусақ пен башпайлар

Оң қолымда бес саусақ,
Сол қолымда бес саусақ.
Қосып едім екеуін,
Болып шықты он саусақ.

Он аяқта бес башпай,
Сол аяқта бес башпай.
Қосып едім екеуін,
Болып шықты он башпай.



Он саусақ пен он башпай,
Бәрі таза, бәрі әй-әй.
Онды онға қосып ем,
Жиырма болды осымен.

№ 4

Есте сақтаңыз.



біреу, алтау

(119-бетте)

№ 5

Толтырыңыз.

- а) біреу, екі..., үш..., төрт..., бес..., алты..., жеті..., сегіз..., тоғыз..., он... .
 ә) ...ay, ...ey, ...ey, ...ey, ...ey, ...ey.

б)

<i>Неше?</i>	<i>Нешінші?</i>	<i>Нешеу?</i>
бес	бесінші	бесеу
...	...	алтау
жүз сегіз	жиырмасыншы	...
...	...	жетеу
...	мыңыншы	...
сексен жеті
...	...	біреу

95

№ 6

Өңгімелеп беріңіз.



Әсияның сұрағы

Кішкентай Әсияның жасы бесте. Ол балабақша-
ға барып жүр. Бір күні ол әжесінен:

— Әжетай, менің көзім екеу, құлағым да екеу, екі
қолым, екі аяғым бар, ал тілім неге біреу? — деп
сұрады. Әжесі оған:

— Көздің екеуі — көп көру үшін. Құлақтың екеуі —
жақсы есту¹ үшін. Қолдың екеуі — жұмысты жақсы
істеу үшін. Аяқтың екеуі — көп жүру үшін. Ал тілдің
біреу болғаны — аз² сөйлеу үшін, — деді.

¹ Есту — слышать.

² Аз — мало.

№ 1

Саябақта қалай демалғаныңыз туралы айтып беріңіз.

**№ 2**

Оқыңыз.

- серуен:** серуенге шығамыз; серуенге барамыз. Сен серуенге қашан шығасың? Сағат алтыдан он минут кеткенде мен үйде болған жоқпын, себебі мен серуенге шықтыйм.

- серуендеу:** серуендереп жүр; серуендеген жоқпын. 4а класс оқушылары аулада серуендереп жүр. Жексенбі күні біз отбасымызбен бірге шағын саябақта серуендередік.

- жануар – хайуанат:** хайуанат мекендейді; хайуанаттар демалып жатыр. Арыстан – ірі хайуанат. Мен суретке әр түрлі хайуанаттарды салдым.

- хайуанаттар саябағы:** хайуанаттар саябағында; әр хайуанаттар саябағында. Хайуанаттар саябағы Достық көшесінде орналасқан. Хайуанаттар саябағында әр түрлі хайуанаттар өмір сүреді.

- көру:** мен көрдім; мен көремін; мен көріп тұрмын. Сен не көріп тұрсың? Ол төргі бөлмеде фотоальбомды көріп отыр.

- қонжық [конжук]:** аюдың қонжығы; қонжықтың тұмсығы. Аюдың қонжығы әрі құлқілі, әрі сүйкімді болады. Қонжық тек қана сұт іше ме?

- көжек [көжек]:** қоянның көжегі; көжектің жүні. Қоянның баласын көжек дейді. Менің ойыншық көжегім қайда?

- қодық [кодук]:** қодықтың құйрығы; қодыққа бердім. Құланның қодығы жылқының құлынынан кішірек. Құланның баласы – қодық.

№ 3

Өлеңді аударыңыз, жаттаңыз.

Бәрінен де қымбатты



Аюға – қонжығы,
Құланға – қодығы,
Құлыны – биеге,
Ботасы – түйеге.
Қоянға – көжегі,

Анаға – бебегі



Бәрінен сымбатты,
Бәрінен қымбатты.



№ 4

Есте сақтаңыз.



(118-бетте)

№ 5

Толтырыңыз.

- а) апамдай, атасы..., көкем..., немере інілер..., сіңлім..., аюдың қонжығы..., қар..., баласы..., хайуанат..., Қыз Жібек..., Дәурендікі..., менікі..., сенікі..., айна..., ақын..., шырын..., қодық..., қоянның көжегі..., су..., домбыра..., күресші..., өнерлі....
 ә) ...тай, ...дай, ...тей, ...дей, ...тай, ...дей, ...тей, ...дай, ...ндей, ...ндай, ...тікіндей, ...нікіндей, ...дікіндей.

№ 6

Табыңыз.

Мен ... мейірімдімін.
Менің ... ақ шашым жок.

атамдікіндей
атамдай

Сен ... тентексің.
Менің інім қоянның ... сүйкімді.

көжектей
көжегіндей

Құланның түркысы ... ме?
Құлын ... жүгірмейді.

қодықтікіндей
қодықтай

Ақ аюдың қонжығы қоңыр аюдың ... болмайды.
Бота ... су ішпейді.

қонжықтай
қонжығындей

97

№ 7

Өлеңді аударыңыз, жаттаңыз.



Әкемдікіндей әдемі мұртым жок,
Апамдікіндей әдемі түркым жок,
Атамдікіндей ақ шашым тағы жок,
Әжемдікіндей әжімім жок,
Мейлі ғой!
Оған кім қарайды?
Ақылды болсам тек жарайды!

(Қадыр Мырза Әлиден)

№ 8




25–тапсырма. Әңгімені тыңдаңыз, сұрақтарға жауап беріңіз.

№ 1

8 наурыз мерекесімен апайларды құттықтаңыз.

сізге, сізді
құттықтаймын,
тілеймін,
зор денсаулық,
мол, бақыт,
қуаныш,
табыс



№ 2

Оқыңыз.

- **құлап қалу**: құлап қалма; құлап қалдың ба? Мен кеше серуенде қатты құлап қалдым. Жүгірме, құлап қаласың. Айна еденге құлап қалды. Олар төртбұрыш ойнағанда¹ құлап қалды. Сен көп жүгірдің, сондықтан құлап қалдың ба?

- **тырнап алу** [тырнабалұу]: қолды тырнап алды; бетімді тырнап алдым. Құс тұмсығын тырнап алды. Сіңлім бетін тырнап алды. Тек қана сен бетінді тырнап алдың. Көжек құлағын тырнап алған жоқ. Айналайын балам, бетінді қашан тырнап алдың?

- **ұрып алу** [ұрұбалұу]: есікке ұрып алдық; аяғымды ұрып алдым. Саусағынды қашан ұрып алдың? Менің көжегім аяғын ұрып алды. Мен башпайымды ұрып алдым.

- **жарақаттану** [жарақаттанұу]: жарақаттанған жоқ; қодық жарақаттанды. Хайуанаттар саябағындағы қонжық жарақаттанды. Мен қатты жарақаттандым, себебі, аулада футбол ойнадым.

- **жер**: қай жерің?; қай жерде? Сен қай жерінді ұрып алдың? Қарсақ қай жерін тырнап алды?

№ 3

Әнді аударыңыз, орындаңыз.



26–тапсырма.

Бақа, бақа

Бақа, бақа, балпак,
Басың неге жалпак?

Темір телпек көп киіп,
Басым содан жалпақ.

(нотасы 116-бетте)




¹ Ойнағанда – когда играл(а).

№ 4

Санаңыз.



5010




2008



1991



7460



2300

№ 5

Сөздерді айырыңыз.

Менүзілістекұлапқалдым.

Сенқалыжеріндітіпнапалдын?



Меніңмысығымжарақаттанды.

Қонжықаяғынқаттыұрыпалды.

№ 6

Әңгімеленіз.

Айболит емханасы¹



99

Олар қай жерін ұрып алды? Қалай жарақаттанды?

№ 7

Сұхбаттасыңыз.

Аласы: Сендер кеше серуенге қайда шықтыңдар?

Ұлы: Біз хайуанаттар саябағына бардық.

Аласы: Онда қызық болды ма?

Ұлы: Әрине, өте қызық болды. Апа, білесіз бе, онда бір аюдың екі сүп-сүйкімді қонжығы бар. Біреуі қатты жарақаттанды.

Аласы: Қай жерін ұрып алды?

Ұлы: Жоқ, ұрып алған жоқ, қасындағы қонжық оны тырнап алды.

Аласы: Қай жерін?

Ұлы: **Аяғын.**


Аласы: Қандай аяныш².

¹ Емхана – лечебница.

² Аяныш – жалко.

6F**САБАҒЫ****№ 1**

Олар қазір не істеп тұрғандарын айтып беріңіз.

**№ 2**

Оқыңыз.

• **ұстау**: ұстамаймын; ұстауға; мен ұстағым келеді; сен ұстағың келеді. Мен үйде балықтар ұстағым келеді. Маған үйде көжек ұстауға бола ма? Мен сенің қолыңдан ұстаймын.

• **рұқсат ету** [руқсатетү]: рұқсат етпейміз, рұқсат етініз. Рұқсат па? Жок, рұқсат етпеймін. Маған үйде ит ұстауға рұқсат етті. Сенің ата-анаң күшікті үйде ұстауға рұқсат ете ме?

100

• ол — **оны** [уонү]: оны жақсы көремін; оны білемін; оны ұстаймын. Қайратқа оны ұстауға рұқсат етті ме? Мен оны ұнатамын. Мен онымен сырғанаймын. Сен оны қашан көрдің? Оны кім тырнап алды?

• **тауып алу** [тауыбалуу]: не тауып алдың?; қай жерден тауып алдыңдар?; тауып аламын. Мен бұл күшікті ауладан тауып алдым. Сен мына кітапты қайдан тауып алдың? Сен оны тауып алған жоқсын.

• **емдеу**: дәрігер емдейді; емдеген жок; емдесің бе? Қалай емdedіңіз? Айболит керікті емдеді. Ол әр хайуанатты емдейді. Содан кейін мен оны емдедім.

№ 3

Аударыңыз. Көшіріңіз.



27–тапсырма.

ИНАБАТТЫЛЫҚ

Кітап алуға
рұқсат па?



Иә, рұқсат.

№ 4

Қателер табыңыз (әр сөйлемде бір қате).

Мен үйде көжек ұстайсың. Мен құрбыммен бірге құлап қалды. Сенің ата-анаң сен жануар ұстаяға рұқсат етпейді. Сен бұл балапанды қандай тауып алдың? Біз оған емдейміз, себебі, жарақаттанды.

№ 5

Аудыстырыңыз.

Мен үйде мысық ұстагым келеді.

Мен үйде мысық ұстагым келеді.

Мен үйде мысық ұстагым келеді.

Мен оны тоғайдан тауып алдым.

Мен оны тоғайдан тауып алдым.

Мен оны тоғайдан тауып алдым.

Маған ағам кинотеатрға баруға рұқсат етті.

Маған ағам кинотеатрға баруға рұқсат етті.

Маған ағам кинотеатрға баруға рұқсат етті.

сен	сені
саған	күшік
саяжай	аула
атам	саябак

№ 6

Әңгімеленіз. Хатқа жауап беріңіз.



Сәлем, достым!

Біз ауылда тұрамыз. Ауылдың аты – Сарысу. Онда ең ұзын әрі кең көше – Жамбыл көшесі. Біз сол көшеде тұрамыз.

Біздің үй екі қабатты. Онда жеті бөлме бар. Менің бөлмемде екі терезе бар. Онда жасыл перде ілулі түр. Кереуettің қасында үстелім түр. Ал үстелдің қарама-қарсысында үлкен аквариум түр. Ол аквариумды маған көкем туған күніме сыйлады. Аквариумда әр түрлі балықтар бар.

Тағы да туған күніме досым Саша күшік сыйлады. Ақтабан сондай құлқілі! Мен күшігімді бөлмемде ұстагым келеді, бірақ маған ата-анам рұқсат етпейді. Олар: «Үйде ит ұстамаймыз, аулада ұстаймыз», – дейді. Ақтабанның үйшігі аулада түр.

Менің мысығымның аты – Қара аяқ, себебі, оның денесі ақ, ал аяқтары қара. Мен оны мектеп ауласынан тауып алдым. Ол жарақаттанып отыр екен. Аяғын ұрып алған. Мен оны емdedім. Қазір ол секіріп, жүгіріп жүр. Мысығым да, күшігім де өте сүйкімді!

Ерхан, сенің қандай жануарың бар? Сен оған қалай қарайсың? Саған оларды үйде ұстаяға рұқсат ете ме? Сен оны қайдан алдың? Тауып алдың ба әлде біреу сыйлады ма?

Сәлеммен Жәнібек

№ 7



28-тапсырмадағы сұрақтарға жауап беріңіз.

6 НӘТИЖЕ

№ 1

Еске түсіріңіз.



№ 2

Жазыңыз.



[ійтпалық қайдамекендейді]

[тұлкуніңғүйрүғыұзұн]

[көжек құлағынтырнабалды]

№ 3

Табыңыз.

үйде

аяғы

көжек

тырнап алды

сиыр

қысқа

бота

құлап қалдым

емdedі

атамдікіндей

мойны

қонжық


Түйенің төлі — Аюдың баласы — Бұзаудың енесі — Қоянның баласы — Керіктің ... ұзын. Итбалықтың мойны Мен көп жүгірдім, сондықтан Екеуі де беттерін Хайуанаттарды Айболит Маған ... көжекті ұстауға рұқсат етпеді. Сегізаяқтың сегіз ... бар. Менің көзім де, мұрным да

№ 4

Әңгіме құрастырыңыз.

Хайуанаттар саябағында

1.



2.



3.



№ 5

Өзінізді тексеріңіз.

Сынақ

1. Қарсақ қайда мекендейді?
 - а) Орманда.
 - ә) Шөлде.
 - б) Далада.
2. Қай хайуанаттың мойны ұзын?
 - а) Керіктің мойны.
 - ә) Итбалықтың мойны.
 - б) Үйректің мойны.
3. Әр қолда неше саусақ, әр аяқта неше башпай?
 - а) Бесеу.
 - ә) Он.
 - б) Жиырма.
4. Қай жануардың көзі үлкенірек?
 - а) Лақтікі.
 - ә) Ботанікі.
 - б) Ешбір жануардікі.
5. Сіз серуендеуге әдетте қайда шығасыз?
 - а) Саябаққа.
 - ә) Мектептің ішінде.
 - б) Төргі бөлмеге.
6. Дәуреннің көзінің түсі кімдікіндей?
 - а) Әр баланіңде.
 - ә) Әкесініңде.
 - б) Дәурендікіндей.
7. Аюдың баласы —
 - а) көжек.
 - ә) қонжық.
 - б) қодық.
8. «Ала ғой» деп қашан жауап береміз?
 - а) Төрлетіңіз.
 - ә) Ас дәмді болсын!
 - б) Рұқсат па?



№ 6

Сөзжұмбақтарды шешіңіз.

Сөзжұмбақтар

- a)
-
1. 2. 3.
- ә)
-
1. 2. 3. 4. **40**
- б)
-
1. 2. 3. 4.

№ 1

Аударыңыз, тіркестерін табыңыз.

ауыз, талас, болмасам, есту, тыныс алу


№ 2

Оқыңыз.

Көз, Құлақ, Мұрын мен Ауыздың таласы (мысал)





Адамның көзі, құлағы, мұрны, аузы таласады.



Сонда Құлақ:

— Әй, Көз, мен болмасам, адам желді, теңіздің толқынын¹ естімейді, әнді де естімейді, ештеңе естімейді ғой, — дейді.

— Мен болмасам, адам өмір сүрмейді, — деп бастайды Көз. — Мен болмасам, адам әдемі табиғатты көрмейді, әдемі адамдарды көрмейді, ештеңе көрмейді, құлап қалады, беті-қолын тырнап алады, жарақаттанады.



Сонда Ауыз:

— Көз, сенікі де дұрыс емес. Құлақ, сенікі де дұрыс емес. Мұрын, сенікі де дұрыс емес. Тек қана менікі дұрыс. Мен болмасам, аш³ боласындар. Қышқылдың дәмін, тәттінің дәмін білмейсіндер, — дейді.

Сонда Мұрын:

— Мен болмасам, адам тыныс алмайды². Ол қалай өмір сүреді? — дейді.




¹ Толқын — волна.

² Тыныс алу — дышать.

³ Аш — голодный.

Денсаулық – зор байлық

Олардың таласын Ми¹ тыңдал отырып ұйықтап қалады.
Міне ғажап²! Көз де, Құлақ та, Мұрын да, Ауыз да ұйықтап қалыпты.



Сұрақтар:

1. Бұл мысалда таласқа неше кейіпкер³ қатысты?
2. Олардан адамға қандай пайдада⁴ бар?
3. Көз, Құлақ, Мұрын мен Ауыз неге ұйықтап қалды?

№ 3

Аударыңыз, тіркестерін табыңыз.

әтеш, қолтырауын

№ 4

Оқыңыз.

105

Нәүке-хайуан

Бұл – Нәүке. →



оны Нәүке-хайуан дейді.

Неге десен?


Себеби




-тің үзілісінде ол



-тей тентек. Ал сабакта



-ның алдында ол



-тай үндемейді⁵.

¹ Ми [мый] – мозг.

² Міне ғажап! – Вот чудо!

³ Кейіпкер – персонаж.

⁴ Пайда – польза.

⁵ Үндемеу – молчать.



Бірақ үйде әжесіне ол



-дай ырылдайды⁶. Қарындасына ол



-дай сөйлейді. Ал әкесінің алдында ол




-дай дірілдейді.

БІРАҚ

анасының алдында ол



-дей, себебі оған анасы



КОП ОЙЫНШЫҚ САТЫП АЛАДЫ.

10€

Сұрақтар:

1. Нәуkenі неше жануармен салыстырудық?
2. Сіз өзіңіз Нәукедей болғыңыз келе ме?
3. Бала қандай болу керек? Ол кіслермен қалай сөйлесу керек?

№ 5

Өлеңді аударыңыз, жаттаңыз.

Неге?

Санайсың:

Біреу, — деп,
Екеу, — деп,
Үшеу, — деп,
Төртеу, — деп,
Бесеу, — деп,
Алтау, — деп,
Жетеу, — деп,
Сегіз, — деп,

Тоғыз, — деп,

Он, — деп.

Бірақ неге

Сегіз-еу, — демейсін,
Тоғыз-ау, — демейсін,
Он-ау, — демейсін?
Демегенің тұра,
Неге олай екенін
Қазақ тілінен сұра.

E. Елубай

¹ Ырылдау — рычать.

² Салыстыру — сравнивать.



Мемлекеттік Әнүран

Сөзін жазғандар: М. Әлімбаев,
Қ. Мырза Әли, Т. Молдағалиев,
Ж. Дәрібаева

Әнін жазғандар: М. Төлебаев,
Е. Брусиловский, Л. Хамиди

107

Жаралған намыстан қаһарман халықпрыз,
Азаттық жолында жалындан жаныппрыз.
Тағдырдың тезінен, тозактың өзінен
Аман-сау қалыппрыз, аман-сау қалыппрыз.

Қайырмасы:
Еркіндік қыраны, шарықта,
Елдікке шақырып тірлікте!
Алыптың қуаты — халықта,
Халықтың қуаты — бірлікте!

Ардақтап анасын, құрметтеп данасын,
Бауырға басқанбыз баршаның баласын.
Татулық, достықтың киелі бесігі –
Мейірбан Ұлы Отан, қазактың даласы!

Қайырмасы.

Талайды өткердік, өткенге салауат,
Келешек ғажайып, келешек ғаламат!
Ар-ождан, ана тіл, өнеге-салтымыз,
Ерлік те, елдік те үрпаққа аманат!

Қайырмасы.



Біздің Елтаңба

Сөзін жазған Е. Өтетілеуов

Өнін жазған А. Нұрымов

Oрташа

Қыран бүркіт көм-кер-ген, Күлім-де- ген кү- ні бар.
Ә-сем бей-не сен көр-ген Жай бей-н/е/е-мес, бі- ліп ал.
Ә-сем бей-не сен көр-ген Жай бей-н/е/е-мес, бі- ліп ал.

Қыран бүркіт көмкеген,
Күлімдеген күні бар.
Әсем бейне сен көрген
Жай бейне емес, біліп ал. } 2 рет

Мағыналы, сымбатты
Бізде осындай бар белгі.
Маған, саған қымбатты
Елтаңбасы ол елдің. } 2 рет



Менің Қазақстаным

Сөзін жазған Ж. Нәжімеденов

Әнін жазған Ш. Қалдаяқов

Марш екпінімен

Al-тын күн ас-па-ны, Ал-тын дән да-ла-сы, Ду-ман-ды бас-та-
ды, Да-ла-ма қа-ра-шы, Кең е-кен Жер де-ген, Жер-ге дән шық-ты
ғой. Дән е-гіп, тер-ле-ген, Қа-за-ғым мық-ты ғой.

Менің е-
лім, менің е-лім, Гү-лің болып е-
гі-ле-
мін, Жы-рың болып тө-гі-ле-мін, е-лім. Ту-ған же-рім
менің Қа-зақ-с-та-nym.

109

Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы,
Думанды бастады,
Далама қараши,
Кең екен Жер деген,
Жерге дән шықты ғой.
Дән егіп, терлеген,
Қазағым мықты ғой.

Қайырмасы:
Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім.
Туған жерім менің – Қазақстаным.

Сағымды далам бар,
Сабырлы көлім бар.
Қараңдар, жарандар,
Осындай елім бар.
Қарсы алған уақытты,
Ежелгі досындей.
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындей.

Қайырмасы.



Құтты болсын мереке

Сөзін жазған Т. Рахимов

Әнін жазған Ж. Енсепов

Көңілді

Шер-тіп сы-ры мол күй-ді,
Жү-ре- гі- міз тол-қи- ды,
Қайырмасы:
Ке- кі- рек-ті кер-ней-ді (ән).
Бар-лық ұс-таз
а- пай-лар, Бар-лық ұс-таз а- ғай- лар! Құт- ты бол- сын,
Құт- ты бол- сын төл мей- рам.

110

Шертіп сыры мол күйді,
Жүргеміз толқиды,
Кекіректі кернейді ән.

Қайырмасы:
Барлық ұстаз апайлар,
Барлық ұстаз ағайлар!
Құтты болсын,
Құтты болсын төл мейрам. 2 рет.

Би билейміз, талмаймыз,
Әнімізді арнаймыз
Ұстаздардың бәріне.

Қайырмасы.
Біз жүрейік мақтанып,
Бөленіңдер шаттанып,
Шәкірттердің әніне.

Қайырмасы.



Әрқашан күн сөнбесін

Сөзін жазған Л. Ошанин,
аударғандар І. Мәмбетов, Қ. Үдірысов,

Әнін жазған А. Островский

Жүрдек

mf

1. Күн ә-де- мі,
2. Ай-(ы)рыл-мас дос,
кек ә-ле- мі,
ай- ны-мас дос,
Бұл су-ре-ті жас ба-
Бей- біт ө-мір ке-рек

ла- ның, ел- ге. Ақ қа-ғаз-ға О-тыз бес-ке сал-ған ө- зі, біз кел-сек те, Жа-зыл-ған бар сө-
Тұ-рап жү-рек сө-з(i) ес-

Қайырмасы:

f

зі. Әр- қа- шан күн сөн- бе- сін, Ас-пан- наң бұлт төн-
те. да бол-сын ма- мам, Бо- ла- йын мен д(е)а-

бе- сін, Қа-сым- да бол-сын ма- мам, Бо- ла- йын мен д(е)а-

ман. Әр- қа- //ын мен д(е)а- ман.

3. Аң- да, сол-дат,
4. Сүм со-ғыс-ты,

тың-да, сол-дат, Ҳа- лық оқ-тан шо-шы-на-ды.
қан тө-гіс- ті, Бол-дыр-май-мыз сә-би ү- шін.

Мың-мың көз-дер
Күн жай-най-ды,

айт-ты сөз-дер,
бақ тай-май-ды,
Кек-ке қа-рап бұл кез-дер.
А- дам со-ны қа-лай-ды.

111

f

әйт-ты сөз-дер,
бақ тай-май-ды,
Кек-ке қа-рап бұл кез-дер.
А- дам со-ны қа-лай-ды.

Әр-қа- шан күн сөн-
бе- сін, Ас-пан- наң бұлт төн-
бе- сін, Қа-сым- да бол-сын



1. Күн әдемі, көк әлемі,
Бұл суреті жас баланың,
Ақ қағазға салған өзі,
Жазылған бар сөзі.
2. Айырылмас дос, айнымас дос,
Бейбіт өмір керек елге.
Отыз беске біз келсек те,
Тұrap жүрек сөзі есте.

Қайырмасы:
Әрқашан күн сөнбесін,
Аспаннан бұлт төнбесін,
Қасымда болсын мамам,
Болайын мен де аман.

3. Аңда, солдат, тыңда, солдат,
Халық оқтан шошынады.
Мың-мың көздер айтты сөздер,
Көкке қарап бұл кездер.

Қайырмасы.

4. Сұм соғысты, қан төгісті,
Болдырмаймыз сәби үшін.
Күн жайнайды, бақ таймайды,
Адам соны қалайды.

Қайырмасы.



Шайтанарба

Сөзін жазған Г. Досмамбетова

Әнін жазған Л. Прудникова

Үс-тін- де біреу отырған сияқ-ты, Ас-тын-да біреу жүр-ген сияқ-ты, Қа-сын- да біреу тұрған сияқ-ты, Ар-тын-да біреу жатқан сияқ-ты. Ой-пы-рым-ай, ой-пы-рым-ай, Шай-тан- ар-ба е-кен- ай!

Үстінде біреу отырған сияқты,
Астында біреу жүрген сияқты,
Қасында біреу тұрған сияқты,
Артында біреу жатқан сияқты.
Ойпырым-ай, ойпырым-ай,
Шайтанарба екен-ай!



Жыр атасы Жамбыл

Сөзі мен әнін жазған Ж. Қалжанова

Kөңілді

Cm

Жыр а- та сы- Жам- был, Жо-лы да- ра даң- ғыл.

Fm

Ө- зі- не жас бө-бек-тер Ар-нап айт-қан ән бүл. Жам-был а- та,

Жам-был а- та — жыр а- та. Ал-ды-мыз-да тұр-ған-дай ол

Fm

тіл қа- та. Жам-был а-та, Жам-был а-та — бүл а- та,

Cm

A-ра-мыз-да жүр-ген-дей ол үн қа- та.



Жыр атасы — Жамбыл,
Жолы дара даңғыл.
Өзіне жас бөбектер
Арнап айтқан ән бүл.

Қайырмасы:
Жамбыл ата,
Жамбыл ата — жыр ата.
Алдымызда тұрғандай ол тіл қата.
Жамбыл ата,
Жамбыл ата — бүл ата,
Арамызда жүргендей ол үн қата.

Әділетті жақтаған,
Халқын жырмен ақтаған.
Елдің ауызбірлігін,
Тыныштығын сақтаған.



Кім қайда мекендейді?

Сөзін жазған Г. Досмамбетова

Әнін жазған Л. Прудникова

Мекендейді тоғайда
Қараторғай мен торғай да
Мекендейді теңізде
Итбалық пен балық та.
Мекендейді далада
Қарсақ пен құлан да,
Тек қана шексіз шөлде
Мекендей алады түье.



Бақа

Сөзін жазған Θ. Тұрманжанов

Өнін жазған Ш. Қалдаяқов

Баяу

Ба-қа, ба-қа, бал- пак, Ба-сың не-ге жал- пақ? — Те-мір тел-пек
 көп ки-іп, Ба-сым со-дан жал-пақ. — Те-мір тел-пек көп ки-іп,
 Ба-сым со-дан жал- пақ.

Бақа, бақа, балпак,
 Басың неге жалпақ?
 — Темір телпек көп киіп,
 Басым содан жалпақ. } 2 рет

— Бақа, бақа, балпак,
 Көзің неге тостақ?
 — Қарауылды көп қарап, } 2 рет
 Көзім содан тостақ.

— Бақа, бақа, балпак,
 Бұтың неге талтақ?
 — Су бетінде көп жүзіп } 2 рет
 Бұтым содан талтақ.



Грамматикалық анықтағыш

Жіктік жалғау

(личные окончания)

В казахском языке, в отличие от русского, существительные (*мен оқушымын*), местоимения (*сіз нешіншісіз?*), прилагательные (*мен ұқыптымын*), а также глаголы (*мен оқимын*) принимают личные окончания. Слова с личными окончаниями в предложении являются сказуемыми. К **Жіктік жалғау** относятся:

лицо	единственное число	множественное число
1-е лицо	-мын, -мін -пын, -пін -бын, -бін -сың, -сің	-мыз, -міз -пыз, -піз -быз, -біз -сыңдар, -сіңдер
2-е лицо 2-е лицо вежливой формы	-сыз, -сіз	-сыздар, -сіздер
3-е лицо		

Жіктік жалғау также могут присоединяться к порядковым числительным. Например: *мен біріншімін, сен екіншісін*.

При отрицании употребляется слово *емес*, которое располагается после основного слова. **Жіктік жалғау** присоединяется к слову *емес*. Например: *мен оқушы емеспін, сен онда емессін*.



Зат есім

(имя существительное)

Чтобы указать на род занятий человека, нужно к существительному присоединить суффиксы *-ши*, *-ші*. Например: *теннисші* (теннисист), *домбырашы* (домбрист).

Нужно помнить, что глаголы в неопределенной форме являются и существительными (*оқу* – учиться, учеба; *жүгіру* – бегать, бег). Поэтому к ним также могут присоединяться суффиксы *-ши*, *-ші*. Например: *оқушы, жүгіруші*.

Тәуелдік барыс септік

(притяжательная форма направительного падежа)

Кроме обычных падежей в казахском языке существуют и их притяжательные формы. Одна из них – *Тәуелдік барыс септік*.

Если после корня слова находится *Тәуелдік жалғау* (кроме вежливой формы 2-го лица), то используются следующие окончания *Барыс септік*:

лицо	Тәуелдік жалғау	Барыс септік
1-е лицо	-м, -ым, -ім	-а, -е
2-е лицо	-н, -ың, -ің	-а, -е
3-е лицо	-сы, -сі, -ы, -і	-на, -не

Например: *менің әке-м-е* (моему отцу), *сөнің мектеб-ің-е* (в твою школу), *оның ата-сы-на* (его дедушка).

Сын есім (имя прилагательное)

В казахском и русском языках прилагательные имеют сравнительную (*Салыстырмалы шырай*) и превосходную (*Күшайтпелі шырай*) степени. *Күшайтпелі шырай* мы рассматривали в курсе 3-го класса. В *Салыстырмалы шырай* могут находиться также и наречия.

Салыстырмалы шырай (сравнительная степень)

Сравнительная степень обозначает, что один предмет обладает качеством в большей или меньшей мере по сравнению с теми же качествами других предметов.

Мы рассмотрим два вида *Салыстырмалы шырай*:

- ✓ 1. Образующиеся при помощи суффиксов *-лау*, *-леу*, *-дау*, *-деу*, *-тау*, *-теу*. Например: *қаралау* (чернее), *тәттілеу* (слаще).
- ✓ 2. Образующиеся при помощи суффиксов *-рак*, *-рек*, *-ырак*, *-ірек*. Например: *улкенірек* (побольше, постарше), *жылырақ* (потеплее).

Образование *Салыстырмалы шырай* сопровождается фонетическими изменениями: если слова оканчиваются на *п*, *к*, *ң*, то при присоединении к ним суффиксов *-рак*, *-рек*, *-ырак*, *-ірек* эти буквы изменяются:

► *б*, *қ* *г*, *ң* *ғ*.

Например: *көп* – *көбірек* (побольше),
сирек – *сирегірек* (реже),
сүңқ – *сүңғырақ* (холоднее).

Үстеу (наречие)

Некоторые *Сын-бейне үстеулері* (наречия образа и способа действия) образуются при помощи суффиксов *-дай*, *-дей*, *-тай*, *-тей*, которые на русский язык переводятся как. Например: *мендей* (как я), *қыздай* (как девочка). Такие *Үстеу* отвечают на вопросы *қалай?*, *кімдей?*, *недей?*

118

Если в слове присутствуют тәуелдік жалғау 3-го лица (-ы, -и, -сы, -си) или Иелік тұлға (-нікі, -дікі, -тікі), тогда к ним присоединяются суффиксы -ндей, -ндей. Например: үйіндей, ағасындей, біздікіндей.

Сан есім (имя числительное)

Жинақтық сан есім (собирательное числительное)

В казахском языке, как и в русском, только семь числительных в форме **Жинақтық сан есім**. Это — біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу, алтау, жетеу. Они образуются от количественных числительных с помощью суффиксов -ау, -еу.

В предложении данные числительные употребляются чаще всего в качестве сказуемого. Например: жануардың аяғы төртеу.

Жинақтық сан есім могут принимать:

- ✓ окончания притяжательной формы, например: біз үшеуміз, сендер екеуін, сіздер төртеуіңіз;
- ✓ падежные окончания, например: бесеуге бер, алтаудан ал.

При отрицании слово емес располагается после Жинақтық сан есім. Например: олар алтау емес, біз жетеу емеспіз, екеуі емес.

Нужно помнить, что слово *біреу* имеет два перевода на русский язык: *одно* и *кто-то*.

Есептік сан есім (количественные числительные)

Все числительные в любом многозначном числе пишутся раздельно. Например: 1954 — бір мың тоғыз жүз елу төрт.

При склонении падежные окончания прибавляются только к последнему слову. Например: жүз қырық бірге, екі мың төрт жүз сегізден.

119

Септеуліктер (послелоги)

Если в русском языке есть предлоги, то в казахском — послелоги, которые находятся не перед основным словом, а после него. Например: *Отан туралы* (о Родине), *ата-ана үшін* (ради родителей).

Көмекші сөздер (служебные слова)

Көмекші сөздер по смыслу соответствуют предлогам русского языка. Например: *алдында* — перед ним, *артында* — позади него.

В словосочетании они находятся после основного слова, стоящего в *Ілік септік*

(родительный падеж), употребляются только в притяжательной форме 3-го лица и могут принимать падежные окончания. Например: үйдің алдында (перед домом), терезенің қарама-қарсысында (напротив окна).

Етістік (глагол)

Нақ осы шақ (собственно-настоящее время)

Нақ осы шақ выражает действие, которое происходит в данный момент, в сию минуту, и может сочетаться со словом қазір.

Нақ осы шақ имеет две формы: **жай түрі** и **күрделі түрі**.

✓ **Нақ осы шақтың жай түрі** (простая форма) образуется только с помощью четырех глаголов:



К ним прибавляются Жіктік жалғау. Например:

мен тұрмын	мен жүрмін
сен тұрсың	сен жүрсін
сіз тұрсыз	сіз жүрсіз
ол тұр	ол жүр
біз тұрмыз	біз жүрміз
сендер тұрсындар	сендер жүрсіндер
сіздер тұрсыздар	сіздер жүрсіздер
олар тұр	олар жүр

✓ **Нақ осы шақтың күрделі түрі** (сложная форма) образуется путем сочетания основного и одного из вспомогательных глаголов: тұр, жүр, отыр, жатыр.



Например: жазу

Мен жаз-ЫП отыр-МЫН
Сен жазып отырсың
Сіз жазып отырсыз
Ол жазып отыр

*Біз жазып отырмыз
Сендер жазып отырсындар
Сіздер жазып отырсыздар
Олар жазып отыр*

Вспомогательные глаголы

Они не переводятся, только указывают на совершение действия в данный момент. Переводится только основной глагол.

I. Вспомогательные глаголы *тұр*, *жүр*, *отыр*, *жатыр* могут характеризовать совершение действия в какой-то одной из этих поз: *стоять*, *ходить*, *сидеть*, *лежать*.

Например: *мен оқып тұрмын* (я сейчас читаю стоя)
 мен оқып жүрмін (я сейчас читаю и хожу)
 мен оқып отырмын (я сейчас читаю сидя)
 мен оқып жатырмын (я сейчас читаю лежа)

Не следует переводить эти предложения буквально.

II. Все четыре вспомогательных глагола



расположены в таком порядке потому, что с каждым последующим словом увеличивается длительность действия. Скажем, человек может стоять (*тұр*) на месте только ограниченное время, ходить (*жүр*) может намного дольше, сидеть (*отыр*) еще дольше. Лежать (*жатыр*) человек может по 7–9 часов.

Поэтому нужно употреблять эти вспомогательные глаголы в зависимости от длительности действия. *Например:*

Сәуле шашын тарап тұр .
Сәуле шашын тарап жатыр .

В первой фразе использован вспомогательный глагол *тұр*, указывающий, что действие (*тарау*) по длительности занимает небольшой отрезок времени: Сауле недолго будет расчесываться, а по второй фразе понятно, что она будет расчесываться дольше, т. к. там использован вспомогательный глагол *жатыр*.

Запомните! Четыре глагола – ***бару, келу, апару, әкелу*** – в *Нақ осы шақ* принимают другие суффиксы. Это – суффиксы -а, -е, и с ними сочетается только один вспомогательный глагол *жатыр*. *Например:* *Достар ауылға бара жатыр* (друзья идут в аул). *Мен саябақтан келе жатырмын* (я иду из парка).

III. В речи чаще всего употребляется вспомогательный глагол *жатыр*, так как он выражает состояние действия. *Например:* *Марат қазақша сөйлеп жатыр* (Марат говорит по-казахски). *Поезд Астанаға бара жатыр* (поезд едет в Астану).

Образование отрицательной формы *Нак осы шақ* имеет несколько видов. Более распространенный вид имеет следующую модель:

...  -ған, -ген
...  -қан, -кен
...  жоқ + жіктік жалғау

Например:  мен отырған жоқ 
мен жазып отырған жоқлын

Бұйрық рай (повелительное наклонение)

Если во 2-м лице простой формы (*сен тұр*, *сен жаз*) окончание нулевое, то в вежливой форме к корню слова присоединяется *Тәуелдік жалғау*. Например:

сіз марапатта- (вы наградите)
сіз же- (вы кушайте)
сіз айт- (вы скажите)
сіз кел- (вы приходите).

Суффиксы *-шы*, *-ші*, означающие слово «пожалуйста», ставятся после *Тәуелдік жалғау*. Например:

сіз марапаттаңызшы (вы наградите, пожалуйста)
сіз жеңізші (вы кушайте, пожалуйста)
сіз айтыңызшы (вы скажите, пожалуйста)
сіз келіңізші (вы приходите, пожалуйста).

Қазақша-орысша сөздік

Аа

аға — старший брат	сестричка
ағатай — братик	аппақ — белый-пребелый
агаш — дерево	апта — неделя
ағылшын тілі — английский язык	арамызыда — среди нас
ағылшынша — по-английски	арнау — посвящать, посвящение
адалдық — честность, справедливость	арқылы — благодаря, по
адам — человек	арсыз — излишество
аз — мало	артында — позади (него), за (ним)
ай — месяц, луна	арыстан — лев
айна — зеркало	ас — пища
айналайын — милый	аспан — небо
айналысу =	аспап — инструмент
= шүғылдану — заниматься	Астана — (город) Астана
айран — кефир	астана — столица
айтайық — давайте скажем	астында — под
айттыңыз — вы говорили, сказали	ас бөлме [аспөлме] — кухня
айту — говорить, сказать	асхана — столовая
айтыңыз — скажите	асық — асык
айтып беріңіз — расскажите	ат — 1. имя; 2. лошадь
айырмашылық — различие	ата — дедушка
ақ — белый	ата-ана — родители
ақ әже — милая, прекрасная бабушка	атау — называть, перечислять
аққала — снеговик	атақ — звание
ақ мама — милая мама	атақты — известный
ақпан — февраль	атап шығу — перечислить
Ақша қар — Снегурочка	атқа міну — садиться на лошадь
ақылды — умный	ат қою — дать имя
ақын — поэт	аттау — перешагнуть
ал — 1. возьми; 2. ну	аты-жөні — имя, фамилия, отчество
алақан — ладонь	аяу райы — погода
алдында — перед (ним)	аудандық — районный
алдымызыда — перед нами	аудару — переводить
алма — 1. яблоко; 2. не бери	аула — двор
алмұрт — груша	аумай қалғым келеді — хочу быть похожим
алпыс — шестьдесят	ауыз — рот
алтау — шестеро	ауыл — аул, деревня
алты — шесть	ауылдық — сельский
